Страна	США	Япония	Международны	Великобритани	Международны
Создатель	Институт управления проектами	Ассоциация инновационного развития и	Межд. ассоциация управления	Центральное агентство инф-х технологий и	Межд. организация по стандартизац
Статус	Национальный	Национальный	Официальный международн	Стандарт для государствен	Международный
Парадигма	Технократическая	Деятельностн	Деятельностна	Технократичес	Технократичес
Модель	Процессная модель	Системная модель УП	Системная модель УП	Процессная модель УП	Процессная модель УП
Субъекты управления	Менеджер проекта	Не рассматривается	Спонсор проекта, Менеджер проекта.	Управляющий совет, Ответ-ый рук-ль, Команда УП.	Руководство предприятия в общем смысле
Объекты управления	Проекты, Программы, Организации, Системы	Проекты, Программы	Проект, Подпроект, Программа, Портфель	Проект, Программа	Проект
Связь с деятельностью предпр	Не рассматривается	Средство совершенствован ия организации	Средство выполнения страт-го плана	Не рассматривается	Не рассматривается
Обеспечение	Не рассматривается	Не рассматривается	Не рассматривается	Офис	Не рассматривается
Основная идея	Ориентированность	Ориентированнос	Ориентированнос	Ориентированнос	Ориентированнос

Примечание - составлено автором на основе источника [7]

Постоянное обновление изданий стандартов, а также развитие в области узких направлений проектного управления демонстрируют гибкость и адаптацию под динамически изменчивую окружающую среду. Большинство организаций имеют независимую структуру и не регулируются государственными органами. Таким образом, создаваемые стандарты не подлежат государственной лицензии, но авторитет данных организаций

позволяет принимать создаваемые стандарты даже на уровне управления государственными и международными проектами.

Сравнительный анализ стандартов показывает уникальные стороны каждого, однако по многим параметрам есть схожие черты. Различия подходов к моделям управления лежат в основе национальной специфики управления хозяйством, а также управления человеческими ресурсами. Если взять отдельно взятый параметр связи с деятельностью предприятия, то здесь мы видим что стандарты P2M и ICB показывают тесную связь и направлены на совершенствование и интеграцию систем управления проектами с системой управления предприятием. Это также отражено в параметре основной идеи стандартов. Здесь мы видим взаимосвязь с общей моделью менеджмента различных стран (западная, восточная и т.д.).

Система управления проектами представляет инструмент проектной деятельности, который применяется в рыночных условиях. Более того, проектный

---

менеджмент означает реализацию определенных специальных задач внутри существующей структуры предприятия или между различными предприятиями. Организация проекта направлена на то, чтобы в рамках существующего предприятия решить одиночную, инновационную, ограниченную во времени и комплексную задачу [28].

Управление проектами – это, прежде всего, взгляд на проект с точки зрения реализации определенных процессов. В совокупности управление проектами - это процессы, созданные для достижения результата. Система управления проектами (СУП) контролирует процессы в рамках организованного плана достижения результата.

Рассматривая и анализируя историю развития проектного управления можно выделить некоторые аспекты и направления развития:

Управление проектами, как и сами проекты, имеют четкость и ограниченность в процессах. Ограниченность в процессах обусловлена рыночной потребностью и необходимостью в повышении эффективности достижения результата, подразумевает сокращение ненужных, лишних и поиск наилучших и эффективных действий.

В локальном контексте управление проектами эффективно для решения краткосрочных и среднесрочных задач в социальном (строительство больниц, школ), политическом (выборы и т.д.), экономическом (строительство трассы, завода) и других аспектах.

Управление проектами - сжатая модель науки менеджмента. Как наука, управление проектами имеет чисто практическую значимость. А это значит постоянная практика и совершенствование инструментов и методов управления проектами. Содержит в себе совокупность менеджмента, финансов, маркетинга и других дисциплин.

Проекты легко управляемы и могут рассматриваться в рамках программы или портфелей, при этом имеют независимость и самостоятельность функционирования.

Данные аспекты, текущая ситуация и мировые тенденции показывают, что, как область применения, управление проектами наиболее интересно как предпринимателям, так и политическим структурам. Как область функционирования, оно постоянно развивается и создает совершенные инструменты и методы, применимые и используемые на практике. Все это говорит о том, что управление проектами, как наука и область деятельности, будет дальше развиваться и привлекать внимание к рассмотрению более узких вопросов данной дисциплины.

Уровень сложности управления проектом определяется из исходной точки определения сложности самого проекта. Данную сложность можно определить благодаря классификации проектов. Многообразие форм, структур, направлений деятельности и сфер применения определяют основания для классификации проектов.

Таким образом, расположение отметки проекта левее к верхнему углу будет показывать уровень сложности - невысокий, и наоборот правее к нижнему углу уровень сложности - высокий.

В некоторых случаях к классификации можно добавить масштаб проекта, такие проекты можно рассматривать в конкретной форме: межгосударственные, международные, национальные, региональные, межотраслевые, корпоративные, ведомственные и т.д.

В соответствии с классификацией и подразделением проектов на виды можно выделить некоторые особенности и типичные условия, позволяющие отличать виды проектов для наиболее эффективного управления ими.

Таблица 5 – Виды проектов и их значения

Вид проекта	Цель, результат	Суть, значение	Сроки	Ресурсы
Инвестиционный	Определенная, явный	Недвижимость, частное	Жесткие	Регулируемые
Исследования и развития	Уточненная (в ходе реализации), явный	Практика, частное	Корректируемые	Фиксированные
Организационный	Определенная, неявный	Событие, частное	Предварительные	Ограниченные
Экономический	Масштабная, неявный	Система, государственное	Корректируемые	Регулируемые
Социальный	Неопределенная, неявный	Обеспечение, национальное	Корректируемые	Ограниченные
Инновационный	Уточненная, явный	Новизна, глобальное	Предварительные	Фиксированные
Коммерческий	Определенная, явный	Прибыль, частное	Жесткие	Фиксированные
Примечание – составлено автором				

Наличие большого инструментария в проектном управлении подтверждает свою надобность и выборочность при принятии решения - каким инструментом пользоваться. Все это осуществляется благодаря дифференцированию самих проектов и области их реализации. В связи с этим можно определить классификацию проектного управления, которая будет включать два параметра: функциональное предназначение, субъект управления и область применения.

Функциональное предназначение определяет функцию управления проектами в бизнес аспекте. Туда мы относим управление проектами, ориентированное на результат и ориентированное на процесс. Субъект управления в данном параметре мы учитываем в качестве инициатора, так как именно данный аспект важен с учетом бизнес среды. Сюда мы включаем единоличное управление, партнерское управление, общественное управление. Область применения можно определить более жестко по сравнению с классификацией проектов.

Особенность применения данной классификации в том, что она общая для всех типов проектов и управления проектами. Расположение внутри самой пирамиды имеет важное значение. К примеру, проектное управление бизнесом определяет круг заинтересованных лиц, в данном случае инициатором может выступать 1 человек/организация, либо на основе партнерских отношений. Таким образом, функциональное значение может быть ориентировано на процесс, удовлетворяющий заинтересованных лиц, либо на результат, удовлетворяющий одного субъекта. К данному классу управления проектов можно отнести большую часть разновидностей проектов: инвестиционный, коммерческий, организационный и т.д.

Проектное управление микросредой определяет границы и масштабы проекта, который изменяет и/или улучшает микросреду предприятия и взаимоотношения между субъектами данной среды. Сюда могут относиться проекты инновационные, технологические, социальные и организационные в том числе и т.д. Макросреда - это больше чем окружение предприятия, сюда относят фундаментальные и прикладные исследования, которые могут повлиять на развитие отрасли и экономики в целом. В мире таких примеров немало, к примеру Интернет, i'phone и т.д.

Определив классы проектного управления, мы обращаем свое внимание на

---

современные тенденции и развитие понимания внедрения проектного управления. На современном предприятии к вопросу внедрения и/или интеграции проектного управления подходят на уровне систем. То есть на данный момент практически все предприятия имеют системы управления, которые выражены в используемых инструментах, представляющих определенные функции управления. К примеру, система бухгалтерского учета включает в себя методологическую основу расчетов, законодательно-правовую систему контроля и ведения и информационно-технологическую систему анализа и хранения данных. (Понятие система с теоретической точки зрения было рассмотрено в предыдущем параграфе.)

Система управления проектами сама по себе является интегрированной. Предприятия создаются с учетом функциональной деятельности, в связи с чем включают в себя все основные системы управления. Система управления проектами, как и само проектное управление и проект, носит конкретный временный характер. Это не относится к проектно-ориентированным предприятиям. В виду этой особенности система управления проектами включает три основные составляющие, которые тесно взаимосвязаны между собой:

Свойства системы управления проектом вытекают из взаимодействия ее частей, которые не действуют обособленно. Если систему управления проектом организации дезорганизовать, то она утратит возможность к эффективному выполнению поставленных перед нею задач (выполнению своих функций).

Кроме того, при дезорганизации системы управления проектами, ее составляющие тоже потеряют свойства выполнять поставленные перед ними задачи. «Система является целым, которое не может быть разделено на независимые части без потери существенных свойств или качеств» [6]. Развитие системы основано на развитии и улучшении всех ее составных частей и элементов. Таким образом, улучшение отдельных частей и элементов системы приводит к эффективности работы системы, но при этом будут выявляться ошибки при взаимодействии с другими элементами (не улучшенными). Это в свою очередь притормаживает работу системы, более того снижает общую эффективность.

Если существенная часть системы управления проектами организации отсутствует или не функционирует, вся система управления проектами тоже не сможет функционировать. Более того, ни одна из частей системы управления проектами не может развиваться без понимания последствий изменения для системы управления проектами предприятия как целого. Также, необходимо понимание, почему эти последствия являются полезными для функционирования системы управления проектами на предприятии с учетом ее действий, политики, стратегии и т.д.

Система управления проектами (СУП), являясь сложной системой, в свою очередь, сама представляет собой компонент более крупной системы – системы управления организацией, являющейся ее окружающей средой. Внешняя окружающая среда, воспринимаемая как система внешней среды предприятия, включает экономическую, политическую, социальную, технологическую подсистемы, в которых работает предприятие и реализовывает свои проекты. Каждая из подсистем имеет достаточно сложную структуру, причем некоторые ее элементы могут иметь решающее значение для реализации проекта. Исходя из этого, появляется актуальность рассмотрения стратегических вопросов при реализации проекта. Например, такие экономические факторы, как уровень инфляции или уровень безработицы, могут рассматриваться первостепенно, другие, к примеру, динамика мировых цен, второстепенно [6].



---

В зависимости от типа и класса проекта и проектного управления СУП может быть построена на особых принципах и моделях. Представленная на рисунке 6 модель СУП осуществляет и задействует практически все функции управления проектами, основные модели и блоки являются подсистемами, в которых также протекают собственные действия и связи.

Рассматривая сущность систем управления проектами, мы обосновываем, что по отдельности элементы системы управления проектами могут функционировать, но это снижает ее эффективность и привлекательность для участников проекта. Для этого мы обращаем свое внимание к интеграционным процессам систем управления. Интеграция систем управления проектами – это понятие теории систем, означающее состояние связанности отдельных дифференцированных частей в целое, а также процесс, ведущий к такому состоянию.

Развитие проектного управления будет охватывать все области деятельности человека, для этого необходимо развивать стандарты и расширять функции применения проектного управления в бизнес среде. Используя стандарты как методологическую основу, предприятия могут создавать или использовать разработанные системы управления проектами с учетом собственных потребностей. В данном аспекте, мы повышаем актуальность детального изучения различных стандартов для создания систем, отвечающих потребностям, не только в реализации проектов, но и в целом в рамках деятельности предприятия.

Предложена классификационная модель - матрица проектов и классификация проектного управления. Матричная структура классификации отвечает современным требованиям при постановке задач и концепции управления. Данная классификационная матрица применима в случаях стратегического анализа и графического отображения проектов при портфельном анализе. Подход к формированию матриц по типам и видам проектов может использоваться в СУП в блоке анализа при инициации проектов. Классификация позволяет эффективно настраивать систему управления проектом, отвечающую конкретным целям и задачам.

Система управления проектами может эффективно функционировать как отдельная подсистема системы управления предприятием. Подсистемы и элементы СУП также могут функционировать по отдельности, однако это снижает эффективность работы системы. Все это приводит к тому, что необходимо четко понимать, как интегрировать различные системы, исходя из вышеназванных подходов интеграции: вертикальная, горизонтальная, конгломератная.

#### **Список литературы:**

1. [lib.ara.kz/выставки/Проектный менеджмент.pdf](http://lib.ara.kz/выставки/Проектный_менеджмент.pdf)
2. [www.e-libo.ru/book/bib/06\\_management/osnov-proekt.../s6.html](http://www.e-libo.ru/book/bib/06_management/osnov-proekt.../s6.html)
3. [capital.kz/expert/20618/v-rk-ne-realizovan-potencial-dlya-proektnogo-menedzhmenta.html](http://capital.kz/expert/20618/v-rk-ne-realizovan-potencial-dlya-proektnogo-menedzhmenta.html)
4. [capital.kz/expert/20618/v-rk-ne-realizovan-potencial-dlya-proektnogo-menedzhmenta.html](http://capital.kz/expert/20618/v-rk-ne-realizovan-potencial-dlya-proektnogo-menedzhmenta.html)
5. Шестопалов П.Л. С первого раза правильно // Бюджет. 2015. № 8. С. 74-77.
6. Ефремов В. С. Проектное управление: модели и методы принятия решений // Менеджмент в России и за рубежом. . № 6.

#### **Түйіндеме**

Мақалада қазіргі кездегі жобаларды басқару тетіктері қарастырылған.

---

"Жобаны басқару", сондай-ақ жобаны ғылым саласы ретінде дамуы мен қалыптасуына ең маңызды құбылыстың шығу тегіндегі жобаларды басқаруға талдаулар жасалған. Ғылыми саласына қатысты жобаларды басқарудағы Қазақстанның және дамыған мемлекеттерді теориялары туралы шолу жасалған.

### Summary

In article mechanisms project management in modern conditions are considered by "Project management" and also origin of the phenomenon of the project, development and formation of project management as branches of science. The review of this field of knowledge on a global scale is made and also the situation of rather neighboring countries and Kazakhstan is considered.

ӘОК 332.812 (574)

Әлібек А.Т.  
Магистрант АТУ,  
научный руководитель:  
Э.Ғ.Д.,  
К.Б.Дауылбаев

### ҚАЗАҚСТАНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Инвестициялық жобаның тиімділігін анықтау үшін әлемдік тәжірибеде инвестицияларды бағалаудың бірнеше тәсілдері пайдаланылады. Қазақстанның ұлттық экономикасында қолдануға болатын тәсілді анықтау үшін, қазіргі кезде кең ауқымды пайдаланылатын Portfolio, БКТ матрицасы және МакКинсей матрицасы әдістері. Шетел әдебиетін зерттеу кезінде, инвестициялық салымдардың экономикалық әсеріні инвестициялық жобаның тиімділігін анықтаудың бірнеше түрлерін көруге болады.

**Кілт сөздер:** Инвестициялық жоба, инвестициялық жобаларды талдау, инвестиция және инновация.

Инвестициялық жобаны таңдау кезінде инвестицияның тиімділігін анықтау қажет. Әлемдік тәжірибеде инвестицияларды бағалаудың бірнеше тәсілдері пайдаланылады. Қазақстанның ұлттық экономикасында қолдануға болатын тәсілді анықтау үшін, қазіргі кезде кең ауқымды пайдаланылатын әдістерді талдау керек. Шетел әдебиетін зерттеу кезінде, инвестициялық салымдардың экономикалық әсерінің тиімділігін анықтаудың бірнеше түрлерін көруге болады. Соңғы кезде шет елдерде және ТМД елдерінде экономикалық әсерді анықтауда ЮНИДО (United Nations Development Organization) ұйымының ұсынатын тәсілдері қолданылады: ағымдағы таза құнды есептеу тәсілі, табыстың ішкі мөлшерлемесін есептеу, өтемділік мерзімін есептеу, пайдалылық индексін есептеу тәсілдер. Ағымдағы таза құнды есептеу тәсілі бастапқы инвестиция деңгейі мен дисконтталған таза ақшалық түсімдердің жалпы сомасын салыстыруға негізделген. Ақша түсімдері уақыт аралығына бөлінгендіктен, ол  $r$  коэффициенті арқылы дисконтталады. Бұл коэффициентті салынған капиталдың жылдық пайыздық қайтарылымы негізінде, аналитик өз бетімен тағайындайды. Мысалы, салынған қаржы (IC)  $n$  жыл ішінде туындалады деп болжам жасалады,

жылдық пайда  $P_1, P_2, \dots, P_n$  – мөлшерде. Дисконтталған пайданың жалпы деңгейі (PV) және таза келтірілген әсер (NPV) келесі белгілі формулалар арқылы есептеледі:

$$PV = \sum_{k=1}^n \frac{P_k}{(1+r)^k} \quad [1]$$

$$NPV = \sum_{k=1}^n \frac{P_k}{(1+r)^k} - IC$$

Егерде:  $NPV > 0$ , жобаны қабылдау тиіс;  $NPV < 0$ , жоба қабылданбайды;  $NPV = 0$ , жоба пайда да әкелмейді, бірақ шығынға да қалдырмайды. Табысты жылдарға болжағанда, мүмкіндігінше, өндірістік және өндірістік емес нысандағы түсімдерді есептеу керек. Егер, жобаның аяқталу кезеңінде жабдықтың жойылу құны түрінде қаржының түсуі немесе айналым қаражатының бөлшегінің босатылып алынуы жобаланса, онда олар белгілі кезеңнің табысы ретінде есептелуі қажет. Инвестициялық жоба бір жолғы емес, керісінше  $n$  жыл ішінде үнемі инвестицияны талап ететін болса, онда NPV-ді есептеу үшін келесі формула қолданылады.

$$NPV = \sum_{k=1}^n \frac{P_k}{(1+r)^k} - \sum_{j=1}^m \frac{IC_j}{(1+r)^j} \quad [2]$$

где  $i$  — прогнозируемый средний уровень инфляции.

Бұл формула [2.3] өндірісті түрлендірудің тиімділігін есептеу үшін кең қолданылады.

Табыстың ішкі мөлшерлемесін есептеу инвестицияның пайдалылығының көрсеткішіне негізделген. Инвестицияның пайдалылығының көрсеткіші (IRR) деп дисконттау коэффициентінің мағынасын атайды. Бұндай жағдайда NPV нөлге тең:

$$IRR = r, \text{ бұнда } NPV = f(r) = 0$$

Бұл коэффициентті талдаудың маңызы мынада: IRR жобаға жұмсалатын шығындардың ең жоғарғы мүмкін деңгейін көрсетеді. Мысалы, жоба толықтай коммерциялық банктің несиесінен қаржыландырылса, онда IRR банктің пайыздық мөлшерлемесінің ең жоғарғы шегін көрсетеді. Пайыздық мөлшерлеме бұл шектен асса, жоба залалды болады. Тәжірибеде әр өнеркәсіп өзінің әрекетін түрлі көзден қаржыландырады. Өнеркәсіптің іс-әрекетіне жұмсалған қаржылық ресурстарды пайдаланғаны үшін, өнеркәсіп өзінің экономикалық потенциалын сақтау үшін келесі шығындарға ұшырайды: пайыз, дивиденд, сыйақы төлейді. Осы шығындарды көрсететін орташа көрсеткішті авансталған капитал құны (CC) деп алуға болады. Бұл көрсеткіш өнеркәсіпте қалыптасқан, оның әрекетіне салынған капиталдың үстіне қайта оралуының минималды деңгейін анықтайды. Және салмақтанған орта арифметикалық шамамен анықталады. Оның экономикалық маңызы мынада: өнеркәсіп түрлі инвестициялық шешім қабылдай алады, егер пайдалылық деңгейі ағымдағы CC көрсеткішінен кем болмаса. Осы көрсеткішпен белгілі жобаға есептелген IRR көрсеткіші салыстырылады:

Егер:  $IRR > CC$ , онда жоба қабылданады;

$IRR < CC$ , онда жоба қабылданбайды;

$IRR = CC$ , онда жоба пайдасыз да, залалсыз да.

Бұл тәсілді тәжірибеде қолдану үшін арнайы қаржылық калькулятор қажет. Сондықтан Қазақстанда бұл тәсіл кеңінен таралмаған. Бұндай жағдайда дисконтталған көбейткіштің кестеленген мағынасын пайдаланған кезекті итерациялар тәсілі қолданылады. Ол үшін кестелер арқылы дисконттау коэффициентінің екі мағынасы тандалады:  $r_1 < r_2$ ,  $(r_1, r_2)$  аралықта  $NPV=f(r)$  функциясы өзінің мағынасын "+" "-" немесе "-" "+" ауыстыруы қажет. Әрі қарай келесі формула қолданылады:

$$f(r_1)$$

$$IRR = r_1 + \frac{f(r_1) - f(r_2)}{f(r_1) - f(r_2)} \cdot (r_2 - r_1) \quad [3]$$

мұнда  $r_1$  — кестеленген дисконттау коэффициентінің мағынасы, онда  $f(r_1) > 0$  ( $f(r_1) < 0$ );  $r_2$  — кестеленген дисконттау коэффициентінің мағынасы, онда  $f(r_2) < 0$  ( $f(r_2) > 0$ ). Есептеу нақтылығы интервал ұзындығына ( $r_1, r_2$ ) кері пропорционалды, ал ең жақсы кестеленген мағынаның аппроксимациясы, интервал ұзындығы минималды болғанда пайда болады (1% тең), немесе  $r_1, r_2$  – дисконттау коэффициенттері бір-біріне өте жақын болғанда, мұнда:  $r_1$  — NPV – дің оң мағынасын төмендететін кестеленген дисконттау коэффициентінің көрсеткіші, немесе  $f(r_1) = \min\{f(r) > 0\}$ ;

$r_2$  — NPV – дің оң мағынасын жоғарылататын кестеленген дисконттау коэффициентінің көрсеткіші, немесе  $f(r_2) = \max\{f(r) < 0\}$ .

Өтелімділік кезеңін есептеу тәсілі - әлемдік талдауда кең ауқымда пайдаланылатын, қолдануға оңай тәсілдерінің бірі. Өтелімділік кезеңін есептеу (PP) алгоритмі инвестициялардан түсетін болжамданған пайданың бір қалыптылығына тәуелді. Егер табыс табыс жылдарға қалыпты бөлінсе, онда өтелімділік мерзімі бір жылғы шығындарды жылдық пайда мөлшеріне бөлу арқылы есептеледі. Бөлшек цифра шыққан кезде ол жақын тұтас көрсеткішке қарай жуықталады. PP есептеу формуласы мынадай:

$$PP = n, \text{ онда } \sum_{k=1}^n P_k > IC \quad [4]$$

Кейбір мамандар PP көрсеткішін есептегенде уақыт аспектісін қолдануды талап етеді. Онда авансталған капитал құны көрсеткішімен дисконтталған ақша ағымдары есептеледі. Сондықтан, өтелімділік мерзімі ұлғаяды. Өтелімділік мерзімін есептеу өте оңай, бірақ бұл тәсілдің бірнеше кемшіліктері бар. Біріншіден, ол соңғы кезеңдердің табысының әсерін қарастырмайды. Екіншіден, бұл тәсіл дисконтталмаған есептеулерге негізделген, сондықтан ол бірдей сомадағы кумулятивті табыс әкелетін жобаларды айыра алмайды. Үшіншіден, аддитивтікке ие емес. Бұл тәсіл келесі жағдайда қолданылады. Егер өнеркәсіп басшылары жобаның пайдалылығы емес, өтімділік мәселесін шешкенде. Салымдар тәуекелділігі өте жоғары болған жағдайда бұл тәсіл кеңінен пайдаланылады. Себебі, жобаның өтімділік мерзімі азайған сайын, тәуекел пайызы да төмендейді. Бұл жағдай жоғары технологиялар саласына тән.

Пайдалылық индексін есептеу әдісі ағымдағы таза құнды есептеу тәсілінің жалғасы болып табылады. Пайдалылық индексі (PI) келесі формуламен есептеледі:

$$PI = \sum_{k=1}^n \frac{P_k}{(1+r)^k} / IC \quad [5]$$

Егер  $PI > 1$ , онда жоба қабылданады;

$PI < 1$ , онда жоба қабылданбайды;

$PI = 1$ , онда жоба пайдасыз да, залалсыз да.

Келтірілген әсерге қарағанда, пайдалылық индексі салыстырмалы көрсеткіш. Сондықтан бұл тәсіл NPV көрсеткіші бірдей альтернативті жобаларды бағалауда қолданылады. Немесе NPV сомалы көрсеткіші жоғары инвестиция қоржынын қалыптастыруда қолданылады.

Егер ЮНИДО ұйымының ұсынатын тәсілдерін Қазақстан жағдайында қолдануын қарастырсақ, онда келесі кемшіліктер байқалады. Біріншіден, ЮНИДО тәсілдері тиімді, егер оларды инфляция деңгейі төмен қалыпты экономикада пайдаланса. Қазақстанда жылдық инфляция өсімі жоғары, ал инфляция деңгейі банктік пайызға кіреді, сондықтан банктің пайыз бойынша табысты дисконттау мәнсіз болады.

Екіншіден, өнеркәсіп пайданы тек бар активтерді тиімді пайдаланудан емес, жаңа тауарды пайдаланудан да көреді.

Кесте 1 – Бизнес күшін және нарық тартушылығын бағалау критерийлері

№	нарық тартушылығын бағалау критерийлері	Бизнес күшін бағалау критерийлері
1	2	3
1	Нарық көлемі	Нарық үлесі
2	Бастапқы сегменттер көлемі	Өнеркәсіптің даму қарқыны
3	Нарықтың өсу қарқыны	Тауарлар спектрінің кеңейуі
4	Нарық түрленуі	Өтімділік әсері
5	Сұраныстың мерзімділігі	Сату әсері
6	Сұраныстың циклділігі	Баға бәсекелестігі
7	Нарықтың баға сезімталдығы	Алға басу әсері
8	Мүмкіндіктер	Өндіріс құралдары
9	Бәсекелестік құрылымы	Шикізат құны
10	Кіру, шығу тосқауылдары	Тауардың салыстырмалы сапасы
11	Интеграция деңгейі	Салыстырмалы пайдалылық
12	Жеткізуші күші	Инвестицияларды пайдалану
13	Дистрибьюторлар күші	Тәжірибе әсері
14	Капитал интенсивтілігі	НИОКР интенсивтілігі
15	Өндіріс мүмкіндіктерін пайдалану	Персонала квалификациясы
16	Шикізат	Салыстырмалы нарықтық деңгей
17	Инфляция әсері	Қосылған құн
18	Саяси, әлеуметтік, демографиялық факторлар	
19	Табыс	

Талданған әдістер ішінде Қазақстанда қолдануға ең тиімдісі-қосымша табысты есептегендегі өтемділік мерзімі. Экономикалық тиімділікті есептеу үшін қазақстанда келесі формуланы пайдаланады:

$$\text{Э}=[(\text{Б}-\text{ӨК})-\text{Е}_n*\text{К}]*\text{ӨШ}, [6]$$

онда Б - өнім бағасы;

ӨК - өзіндік құн;

$\text{Е}_n$  - нормативті коэффициент ( $\text{Е}_n = 0,15$ );

К - өнім бірлігіне салынған капитал;

\text{ӨШ} - өнім шығару.

Бұл тәсілді инфляция жағдайында қолдану тиімді. Жобаны таңдау үшін инвестицияның экономикалық тиімділігін анықтаудан басқа да факторлар есептеледі:

- Portfolio-талдау;
- БКТ матрицасы;
- МакКинсей матрицасы;
- Баллдық тәсіл.

Бизнес болашағын белгілі нарықта талдау үшін Portfolio-талдауда көпфакторлы матрицалық модель қолданылады. Матрица келесі координаттарда құрылады: " бизнес күші – нарық тартушылығы", 9 блокқа бөлінеді.

Блоктар үш зона құрайды, олар келесі саладағы стратегиялық шешімдерді талап етеді:

- инвестициялық;
- селективті басқару;
- потенциалдың жойылуына байланысты салада.

Бизнес күшін және нарық тартушылығын бағалау үшін келесі критерийлер қолданылады.

Әр фирма өзіне қатысты критерийлерді таңдап, оларды 9- балдық шкаламен бағалауына болады.

#### Кесте 2 - Талдаудағы нарық тартушылығын бағалау

нарық тартушылығы критерийі	Салыстырмалы маңызы	Бағалау	Берілген баға
Нарық көлемі	Бизнес күші – нарық тартушылығы матрицасы	9	2,7
Нарық өсімі	0,3	4,5	1,35
Шығу жеңілдігі	2,5	9	2,25
Тауар өмірінің циклын бағалау	0,15	0	0
Барлығы:	1,00		6,3

Тартымдылықты бағалау шкаласының градациясы:

- 9 - өте тартымды;
- 7 - тартымды;
- 4,5 – жаман емес;
- 3 – тартымды емес;
- 0 - өте тартымсыз.

---

Бизнес күші де осылай бағаланады.

Балдық бағалау әдісі. Жобаның нәтижесіне соғатын критерийлер анықталады және оларға балл беріледі. Осы баллдың жоғарылығына байланысты шешім қабылданады.

Сонымен, келтірілген тәсілдер бір-бірімен тығыз байланысты. Бұлардың комплексті қолданылуы инвестициялық жобаның тиімділігін анықтауда басты рөл атқарады. Қазақстанда инвестициялық жобаны таңдау үшін балдық тәсіл мен өтелімділік мерзімін, ағымдағы таза құнды комплексті қолдану керек. Өтелімділік мерзімін, ағымдағы таза құнды есептеу инвестициялық жобаның экономикалық тиімділігін анықтауға көмектеседі, ал балдық тәсіл инвестордың алдына қойылған стратегиялық мақсатқа жеткізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Инвестиция туралы» ҚР Заңы 08.01.2003ж.
2. Назарбаев Н.А. Новое время - новая экономика // Казахстан и современный мир.-2009.-№ 1.- с. 234-259
3. Назарбаев Н.А. Новое время - новая экономика// Мысль.-2005.-№ 1.- с. 2-21
4. Назарбаев Н.А. Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира: Послание Президента народу Казахстана от 1 марта 2006г. // Страна и мир.-2006.-5 марта
5. Назарбаев Н.А. Казахстан -2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана.
6. Назарбаев Н.А. К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, конкурентоспособной нации! Послание Президента народу Казахстана от 19 марта 2004г.// Казахстанская правда.- 2004.-2 марта.
7. Арыстанбаева А.А. Анализ эффективности привлечения иностранных инвестиций в Республике Казахстан // Банки Казахстана.- 2013.- № 9.- с. 27-31

#### **Резюме**

Для определения эффективности инвестиционного проекта в мировой практике используются несколько подходов к оценке инвестиций. Методы матрицы Portfolio, матрицы БКТ и матрицы Маккинсея, широко используемые в настоящее время для определения подхода, применимого в национальной экономике Казахстана. При изучении зарубежной литературы экономический эффект инвестиционных вложений можно увидеть несколько видов определения эффективности инвестиционного проекта.

#### **Summary**

For determination of efficiency of investment project in world practice a few going is used near the estimation of investments. Methods of matrix of Portfolio, matrices БКТ and the matrices of Маккинсея, widely used presently for determination of approach applicable in the national economy of Kazakhstan . At the study of foreign literature the economic effect of investment investments can be seen a few types of determination of efficiency of investment project.

Байтукбаева Е.Е.  
Д.А.Қонаев атындағы  
Еуразиялық заң академиясының  
2-курс магистранты  
Ғылыми жетекші:  
З.Ғ.Д., профессор  
Г.А.Қуналиева

## КРИМИНАЛИСТИКАДАҒЫ ТРАСОЛОГИЯНЫҢ ТҮСІНГІ МЕН ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Мақалада трасологияның түсінігі мен жалпы сипаттамасы зерттеледі. Ғалымдардың пікірлеріне талдау жасалады. Трасология - қылмыстық жолмен алынған ақпаратты ашу, тергеу және алдын-алу үшін оларды іздестіру үшін іздерін жинау және зерттеу үшін құралдарды, әдістерді және әдістерді әзірлейтін сот-техника саласы. «Трасология» термині екі сөзден тұрады: француз «La tras» - «із» және грек «логос» - «сөз», «оқыту». Осылайша, трасология - бұл із қалдыру ғылымы.

**Кілт сөздер:** криминалистика, криминалистік техниканың трасология, із, іздерді зерттеу

Трасология криминалистика ғылымының зерттеу салаларының бірі болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу мен тергеу кезінде іздер сонау ежелгі заманнан бері қолданылады. Олардың біздің дәуірімізге дейін қолданылғандығын негізінен Ману атты ежелгі үнділік заңдары көрсетеді, оларда қылмыстарды тергеу әрекеті өзінің олжасын қанның іздері бойынша іздеп жүрген аңшының әрекеттеріне ұқсатылады.

Трасологияны едәуір дәрежеде дәл және толық түрде Б.И. Шевченко белгілеген. «Трасология деп заттардың сыртқы құрылысының бейнесі ретінде, сол заттарды сәйкестендіру немесе топтық түрін анықтау мақсатымен, сондай-ақ сол іздердің пайда болуымен байланысты жағдайларды анықтау мақсатымен іздерді зерттейтін криминалистикалық техниканың саласы аталады», - деп жазады [1, 15 б.]. Біздің пікірімізше, трасологияның мұндай анықтамасы қайсыбір дәрежеде трасологияның шекараларын тарылтады, себебі мұнда трасология криминалистік техниканың бір саласы ретінде ғана қарастырылады.

Одан кейінгі жылдары бұл анықтаманы кеңейтіп және нақтылауға әрекеттер жасалған болатын. Мысалы, Л.К. Литвиненко, бейне – іздермен қатар, трасологиялық тұрғыдан алғанда іздерге сондай-ақ «беттердің құрылысының сәйкестігін (жыртылу мен сыну іздері) жатқызған, ондай іздер нақты бір нысанды сәйкестендіріп, бөліктері бойынша тұтас бір затты анықтап немесе күштің жұмсалыу бағытын белгілеуге мүмкіндік береді» [2, 25 б.].

Біздің ойымызша дұрыс анықтаманы Н.А. Селиванов береді, трасологияда нысандардың сыртқы құрылысының іздерде бейнеленуінің заңдылықтары мен түрлі нұсқаларын зерттеу, іздер арқылы іс үшін маңызды болып келетін жағдайлардың әдістемесін – қылмыскердің әрекет ету әдістерін, оның дене бітімінің белгілерін және т.б. зерттеген дұрыс [3, 34 б.].

«Трасология» термині келесі нұсқайды: оның зерттеу тақырыбына іздер (франц. «ла трассе» - із) жатады. Бұл атаудың оқылу әдісі уақыт өте келе өзгеріп отырды: «трассеология» - «трассеология» - «трасология» [4, 61 б.].

Трасология – криминалистік техниканың дәстүрлі саласы болып табылады. Трасология ілімін келесідей ғалымдар ғылыми еңбектерінде жете зерттеген – Е.Г. Жәкішев, Б.И. Шевченко, Г.Л. Грановский, Ю.Г. Корухов, Ю.Г. Василевский, М.В. Салтевский, С.И. Поташник, Ю.П. Голдованский, В.М. Прищепа, Я. Бергер, Л.Н.



---

Мороз, Г.А. Мозговых, А.А. Исаев, А.Г. Скоморохова және т.б. Сонымен қатар, И.Ф. Крылов, Ф.П. Сова, В.И. Шикановтардың трасология іліміне қатысты еңбектері бар. Трасологияның ғылыми негізде қалыптасуының өзіндік тарихы бар.

Іздерді криминалистикалық зерттеудің негізінде пайда болған негізгі қағидаларға мыналар жатады:

- материалдық дүниедегі объектілердің жекелілігі, соның ішінде объектінің сыртқы құрылысының жекелілігі. Бір топтық объектілердің сыртқы құрылысы жалпы белгілері бойынша сәйкес келуі мүмкін, бірақ олар жеке белгілері (формасы, көлемі, түрі және т.б.) бойынша ерекшеленеді. Трасологиялық жеке белгілерге – іздің сыртқы қабаты бедерінің (ерекшеліктері) немесе із өрнегінің («суретінің») детальдары жатады. Шабу іздеріндегі бедер детальдары балта қырының тегіс емес кедір-бұдыр жерлерімен қалдырылған қыртыс пен көтеріңкі шыққан, арасы шұңқырланған сызықтардан тұрады; қол саусағынан қалған іздерде папиллярлы өрнектің детальдары қалады, автокөлік дөңгелектерінің протектірлерінен қалған іздерде жекеленген ақау белгілері (мысалы: дөңгелек резенкелерінің жырылуы) қалады;

- объектілердің сыртқы құрылысының салыстырмалы тұрақтылығы – бұл белгілі бір уақыт аралығында объектінің өз формасы мен басқа объектілерден бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін айрықша белгілерін сақтау қасиеті. Трасологиялық зерттеудің объектісіне тек қана қатты заттар, яғни қасиеттері салыстармалы түрде өзгермейтін объектілер жатады. Із қалдырған объектінің белгілері және ізде көрініс тапқан белгілер белгілі бір уақыт аралығында өзгеріске ұшырамаған жағдайда ғана трасологиялық идентификацияны жүзеге асыруға болады. Қатты заттардың сыртқы құрылысы салыстырмалы тұрақты болғандықтан, олардың іздері ұзақ уақыт аралығында өзгеріске ұшырамайды және зерттеу жүргізу үшін қажетті ақпаратты сақтай алады. Бұл қасиет із қалдырушы мен із қабылдаушы объектілерде әртүрлі көрініс табуы да мүмкін. Мысалы, бұзу құралының бөгетте қалдырған ізі уақыттың өтуіне қарамастан өзгеріске ұшырамайды, ал тістің тағамда (алма, алмұрт) қалдырған ізі аз уақыттың ішінде де өзгеріске ұшырайды.

- объектілердің сыртқы құрылысы, соның ішінде оның жеке белгілері (детальдары), белгілі бір жағдайларда басқа бір объектілерде өз бейнесін дәлме-дәл түсіру қабілетіне ие жеке белгілердің дәлме-дәл, әрі толық көрініс табуы. Жеке белгілердің толық және дәлме-дәл көрініс табуы іздің пайда болу жағдайларына байланысты. Олардың негізгісіне – із қалдырушы мен із қабылдаушы объект материалдарының физикалық қасиеті жатады. Сонымен қатар, объектілердің қарым-қатынасқа түсу механизмі де жатады. Із қабылдаушы объект неғұрлым иілімгіш (созылмалы), құрамдық құрылысы ұсағырақ болса, пайда болатын іздің детальдары соғұрлым нақтырақ, айқынырақ көрініс табады; пайда болатын ізде объектінің сыртқы құрылысының көрініс табуы айналы түрде кері жүретін процестің нәтижесі түрінде қарастыруға болады [5, 167 б.]. Мысалы: дөңес (шығыңқы) объектілер (аяқ киім ұлтаны (табаны) жұмсақ материалдарда: құмда, лай-батпақтарда) көлемді іздерді қалдырады. Іздің пайда болу кезіндегі жағдайларға қатысты басқа да өзгешеліктерді байқауға болады. Мысалы: беткі қабаттың бедерлі болуынан із тырналып түседі.

Әрбір қылмыстық акт қоршаған ортада өзгерістерді тудырады. Қылмыстық іс-әрекеттерді іздер бейнелейді. Трасология негізінен іздерді – соларды қалдырып кеткен нысанның белгілерін көрсететін бейнелерді: қолдың ізін, сыну ізін, доңғалақтың ізін немесе қылмыстың механизмін: қанның ізін, жіптерді зерттейді [6, 229 б.] .

Іздердің криминалистикалық талдауының маңызы тергеліп отырған оқиғаның әртүрлі жағдайларын анықтаудың мүмкіндіктерімен белгіленеді. Бұл ретте басқа да криминалистикалық зерттеулердегідей сәйкестендіру және диагностикалық мәселелер шешіледі. Алғашқыларына нысанды ол қалдырып кеткен іздер бойынша теңестіру және топтық түрін, соның ішінде ортақ

---

пайда болу көзін анықтау жатады. Диагностикалық мәселелерді шешу кезінде ең алдымен іздердің пайда болу механизмі анықталады: нысандардың іздер пайда болған сәттегі өзара әрекеттесуі. Оқиға орнындағы іздердің сипатын, олардың орналасу ерекшеліктерін зерттеу қылмыстың қалай жасалғандығын көзге елестетуге мүмкіндік береді: тоналған панажайдың есіктері қалайша сындырылған, құлыптары қалай бұзылған және т.б. Осының барлығын зерттеу келешекте осы қоймаларды немесе олардың құлыптарын қылмыскерлер бұза алмайтындай не істеу керектігін алдын-ала көріп, және сол арқылы ықтимал қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді [7, 33 б.].

Осылайша, трасология дегеніміз – бұл іздің пайда болу механизмін анықтау, із құраушы нысандардың топтық түрін және сәйкестендіру жекедаралығын белгілеу мақсатында бейне-іздерді табудың, тіркеу мен зерттеудің ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін әзірлейтін криминалистикалық техниканың саласы.

Іздерді зерттеу кезінде із түзуші нысан мен тасымалдаушы нысанның қасиеттері ескеріледі және ең алдымен: 1) қатқылдығы, б.а. өзіне жергілікті күш салумен түйісіп әсер ету кезінде қатқыл дененің беткі қабатындағы пішінінің өзгеруіне (майысу мен қирауға) қарсы тұруы; 2) иілгіштігі – қатқыл денелердің жеткілікті дәрежеде үлкен болып келетін сыртқы күштердің әсерімен өзінің пішіні мен өлшемін кері қайтпастай өзгерту қасиеті; 3) иіліп майысу, б.а. өзін тудырған күштер жоғалғаннан кейін жоғалатын майысу [8, 59 б.].

Тергеу және сот практикасында механикалық әсер етудің іздері көбірек кездесіп жатады. Механикалық әсер ету іздерінің қалыптасу барысында осындай әсер етудің шамасы ретінде күш белгілеуші мағынаға ие болады. Ескере кететін нәрсе, бұл процеске қатысатын күштердің шамалары бірдей емес және бағыттары да әртүрлі. Олардың әсерінің нәтижесінде түйіспелік өзара әрекеттесудегі молекулалық ілініс бұзылады. Қатқылдау болып келетін нысандар аз мөлшерде, ал қатқылдығы төмен нысандар – көбірек деформацияланады.

Із қалдырған тұлғаның физикалық қасиеттері туралы көлемді іздің тереңдігі айтады. Із қандай болғанмен, біздің анықтағанымыз, тергеуші мен сотты із тудырушы нысанды сәйкестендіруге бола ма деген мәселе әрдайым қызықтырады. Беттік іздердің пайда болуының да өзіндік заңдылықтары болады. Олардың түзілу процесіне механикалық күштер қатысқанымен, сөйтсе де онда негізгі рөлге адгезия қасиеті, б.а. із тудыратын нысандарға әртүрлі бөгде заттардың жабысып қалуға деген қасиеті ие болады. Бұл жағдайда нысандардың пішімі мен бүтіндігі өзгермейді. Егер өзінде із қалмайтын нысанға қандай да бір бөгде заттардың бөлшектері (мысалы, шаңның, тері-май түзілімдері және т.б.) әкелінсе, сол заттармен тудырылатын қатпар іздер пайда болады. Егер ондай заттар өзінде із қалатын нысанның үстінде болса және сонымен жанасқан кезде із тудыратын нысанға ауысса, алыну іздері қалыптасады [9, 69 б.].

Қатпар-іздер түссіз (тері-май) және боялған болуы (егер қолға қандай да бір бояғыш зат: қан, сия, күйе, бояу және т.б. жағылған болса) мүмкін.

Түсі жоқ іздер саусақтар жанасқан барлық беттерде қалып отырады, алайда оларды тек қана тегіс беттерде (шыны, жиһаз, металл, қағаз және т.б.) анықтап және өңдеуге болады.

Боялған іздерді қылмыскердің өзі оңай тауып және жоя алады, ал саусақтардың түссіз іздерін қылмыскер көрмейді, олар папилярлық сызықтардың ұсақ ерекшеліктерін жақсы көрсетеді, сондықтан аса бағалы болып табылады.

Іздердің көмегімен шешілетін мәселелерді идентификациялық және идентификациялық емес деп екі топқа бөлуге болады. Іздер бойынша анықталатын идентификациялық емес сұрақтарды негізінен тергеуші мен криминалист-маман оқиға болған жерде, тінту кезінде шешеді. Идентификациялық сипаттағы мәселелер әдетте трасологиялық сараптама шеңберінде анықталады. Іздердің көмегімен анықталынатын нақты жағдайларды (идентификациялық және идентификациялық емес) төменде көрсетеміз [10, 114 б.].

---

Бүгінгі таңда мемлекетімізде қылмыстылық мүлдем жоқ және қоғам қылмыстық қол сұғудан қауіпсіз деп толық көлемде айта алмаймыз. Қылмыстылық – бұл территорияда белгілі уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығы деп айтамыз.

Қылмыстарды ашу мен тергеу барысында іздерді анықтау мен зерттеу әр уақытта алдыңғы қатардағы мәселелер. Осы іздерді анықтау дәлелдемелік ақпараттардың қайнар көзі болып табылады. Тергеудің нәтижелігі қылмыс оқиғасының жағдайын көрсететін іздерді қаншалықты толық көлемде анықтауға, табуға, бекітуге, зерттеуге және қолдануға тікелей байланысты. Жұмыстың мақсаты – оқиға болған жерде табылған іздермен нәтижелі және тиімді жұмыс жүргізудегі тәжірибелік ұсыныстарды ұсынудан тұрады. Қылмыстық оқиға кезінде әртүрлі тұлғалар қоршаған материалдық әлемде қалдырылатын іздердің себепкерлері болады. Оқиға туралы мәліметтердің қайнар көзі болып табылатын іздер, әр адамның қылмысқа қатысу нысанын, кінә деңгейін, жауапкершілік дәрежесін және қылмыстың мән-жайларын айта алады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Шевченко Б.И. Теоретические основы трасологической идентификации в криминалистике. - М., 1975. – 233 с.
2. Литвиненко Л.К. Основы трасологии. – М.: Юрид.лит., 1980. – 192 с.
3. Селиванов Н.А., Юрин Г.С., Викторов Е.Н. Обнаружение невидимых и маловидных следов. – М., 1975. – 212 с.
4. Крылов И.Ф. Криминалистическое учение о следах. – Л., 1976. – 322 с.
5. Пророков И.И. Криминалистическое учение о следах. – М., 1969. – 238 с.
6. Белкин Р.С. Криминалистика: Изд. «НОРМА-ИНФРА», - М., 2000. – 405 с.
7. Локар Э. Руководство по криминалистике. – М., 1941. – 266 с.
8. Зуев Е.И. Обнаружение, фиксация и изъятие следов - М., 1969. – 198 с.
9. Русаков М.Н. Следы преступления. – Омск, 1988. – 122 с.
10. Турчин Д.А. Теоретические основы учения о следах в криминалистике. – Владивосток, 1973. – 302 с.

#### **Резюме**

В статье рассматриваются понятие и общая характеристика трасологии. Проведен анализ мнений ученых на данную проблему. Трасология – это отрасль криминалистической техники, которая изучает закономерности и механизм возникновения различных видов материальных следов, разрабатывает средства, приемы и методики собирания и исследования следов в целях их использования для раскрытия, расследования и предупреждения преступлений. Термин "трасология" образован из двух слов: французского "ля трас" – "след" и греческого "логос" – "слово", "учение", значит, трасология – это наука о следах.

#### **Summary**

The article discusses the concept and general characteristics of trasology. The analysis of the opinions of scientists on this problem. Trasology is a branch of forensic technology that studies the patterns and mechanism for the emergence of various types of material traces, develops tools, techniques and techniques for collecting and researching traces in order to use them for disclosing, investigating and preventing crimes. The term "trasology" is formed from two words: French "La tras" - "footprint" and Greek "logos" - "word", "teaching". Hence, trasology is the science of footprints.

Бортанов И. Е.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекші:  
з.ғ.к., профессор  
Пакирдинов М.А.

## ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫНЫҢ ТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

Мақала мәселе жаза тағайындау кезінде қылмыстардың қайталануы. Рецидив ұғымының кеңеюі бойынша көзқарастар қарастырылады. Автор рецидив кезінде жазаны оның түріне байланысты саралауды ұсынады.

**Кілт сөздер:** қылмыстық жаза, қылмыстардың қайталануы, аяқталмаған қылмыс, қылмыстық жауаптылық, кәсіби рецидивист қылмыскер, қылмысқа оқталғаны үшін, қылмыс жасауға дайындалғаны үшін.

Құқық қорғау органдарына қылмыскердің бірнеше қылмыстық әрекетпен тіркелгені туралы фактілер түсіп жатады. Осы қылмыстық-құқықтық баға өзгереді. Кей жағдайларда істелген істі бірнеше қылмыстық-құқықтық тәртіпке жіктеу керек, мысалы, қылмыс жиынтығы, ал кейде жасалған іс бір нормада қаралады (мысалы, қайталанушылық). Кей жағдайларда жаза беру, оны өтеу тәртібі және жаза ауырлығы өзгереді. Заңды сақтау мақсатында бұл мәселелерді шешудің ыңғайлы жағын табу керек. Жағдайлардың барлығы ұқсас болғандықтан, яғни бір адамның бірнеше қылмыс істеуі туралы мәселені жинақтап бір жиынтық ретінде қарастырылған жөн. Осы орайда қылмыстық құқық саласы мен тергеу-сот іс-тәжірибесіндегі өзекті әрі негізгі мәселе - қылмыстық әрекетін зерттеу болып табылады. Өйткені құқық қорғау органдары қылмысты азайту барысында қылмыстың қайталануын болдырмау үшін, көптік қылмыспен үнемі күресіп отыру керек.

Бір адамның қылмыс қайталауы, бір қылмыс істеген қылмыскерден гөрі қоғамға көп қауіп тигізетіндіктен, оған арналған жаза да ерекше сипатта болуы тиіс.

Қылмыстық жазаның және оның нәтижелігін зерттеудің мәселелерін қылмыстардың қайталануы және қайталану талаптарыңыз зерттеу сияқты, қылмыстардың қайталануының түсінігінің мәселелерін зерттеу қылмыстардың қайталануы кезінде тағайындалатын жазалардың сұрақтарыңыз толық емес болар еді. Осыдан жыл бұрын Н.С. Таганцев осы туралы былай деп айтқан: «Сонымен, қылмыстардың қайталануын әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеу үлкен мүддені көрсетеді, себебі қылмыс жасаған тұлғаның қылмысын салыстырмалы зерттеу тек жазаның жалпы бағасын ғана емес, сондай-ақ жазаның жекелеген түрлерінің салыстырмалы артықшылығын көрсетеді». Кешірек Б. Утевский былай деп жазған болатын: «Қылмыстың қайталануының және мамандырылған қылмыстардың мәселесі қылмыстылық сұрақтарының тереңіне кетеді, пенитенциари сұрақтарымен тығыз байланысады, әр жаңа қылмыстық жүйенің немесе пенитенциарлық саясаттың зерттеу тасы болып табылады» [1, 45б.]. Б. Утевскийдің логикасымен келіспеу өте қиын: егер қылмыстардың қайталануы алдыңғы қылмыстылық үшін өссе, егер оны жасайтын тұлғалардың саны қылмыстылық құрамының барған сайын үлкен орнын алуы көрінсе, онда бұл қылмыстық кодекстер мен пенитенциарлық жүйелердің қайта қаралуын және олардың жаңа бағыт ұстануын білдіреді.

---

И.И. Карпец қылмыстық жазаның нәтижелілігінің көрсеткіші ретінде қылмыстың қайталануының дәрежесін қарастырған [2, 20 б.]. Қылмыстардың санкциясының біршама жинақталған жүйесі туралы сұрақты қарастыра отырып Г.А. Аванесов былай деп айтқан: «...Біз ойымызша, тағайындалған жазаның мерзімі қайта тәрбиелеу және түзелу функциясының аргументі деп содан сотталған тұлғалардың саны өзгеруінде байқалады» [3, 163 б.]. Г.А. Аванесов сонымен бірге өзінің зерттеуінің нәтижесі туралы ақпарат берген болатын. Ол жалпы және қатаңдатырылған режимдегі колониялардағы соттылығын өтеп жатқан тұлғаларға неғұрлым жазаның ұзақ мерзімі берілгеніне қарай қылмысты қайталап жасайтын тұлғалар саны соншалықты кемігенін байқады. Яғни, оның ойынша, қылмыскерлер саны мен қылмыс үшін тағайындалған жаза мөлшері арасында корреляциялық тәуелділік бар [93]. Б.С.Утевский осыдан 70 жыл бұрын осыған қарсы ой айтқан. Ол, былай жазған: «Жазасын өтеп босатылған қылмыскердің жаңа қылмыс жасауы оның жаза өтеу мерзімінің ұзақтығына байланысты мүмкін» [4, 36 б.].

Кейбір авторлардың ойынша қылмыстардың қайталануымен көресудің бір құралы болып жазаның мерзімін ұзарту табылады [5, 104 б.]. Ал екіншілері бұл тәсілдің нәтижесіздігін айтады. И.С. Ной: «Қылмыстардың қайталануымен күресуде жазаның мерзімін ұзарту өте тиімсіз болып табылады. Ол туралы көптеген жылдар бойындағы осы қылмыс түрлерінің тұрақты саны дәлелдейді. Бірақ олармен күресу жолында қылмыстық жауаптылық қатаңдатырылды және де бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі тұру жағдайлары қатандандырылуы қолданылды. Бұнын өзі де нәтиже бермеді», - деп жазды [6, 83 б.]. Осыған ұқсас көзқарастар басқа да көптеген авторлармен айтылған болатын [7, 120б. ]. Жоғарыда айтылғандай, қылмыстардың қайталануы кезіндегі жазаның мөлшері мен түрі қылмыстың қайта жасалуының мүмкіндігін азайтады, яғни әсер етеді. Сондай-ақ оған қылмыскердің жасы да әсер етеді, себебі қылмыскер өте ұзақ мерзімді жаза өтегенде осы мекемеден жасы үлкен интелегентті кісі болып шығады, яғни барлығына дұрыс баға бере алатын кісі болып шығады. Осының өзі қылмыстылықпен күресудің бір түрі болып табылады [8, 42 б.].

Айтылғанның барлығы қылмыстардың қайталануының түсінігінің мәселелерін зерттеуде оған тағайындалатын жазамен байланыстыру керек екендігін көрсетеді. Сондықтан да ҚР ҚК-дегі қылмыстардың қайталануы үшін тағайындалатын жазаның жүйесін ескеру қажет, себебі оның негізіне әр түрлі теориялық нұсқаулар жасалған.

ҚР ҚК талдау кезінде қылмыстың жиынтығы бойынша жаза тағайындауда көзге көрінетін тағы бір сәйкессіздікті атап өту керек. Жоғарыда аталғандай, ҚР ҚК 58-бабымен істелген қылмыстың қоғамдың қауіптілігіне байланысты жаза тағайындаудың әр түрлі тәртібі көрсетілген. Бірақ та шешімсіз келесі сұрақ қалып отырады: егер істелген қылмыс ауырлығы шамалы, ал екіншісі ауыр қылмыс қатарына жатса, не аса ауыр, не ауырлығы орташа қылмыс болса қорытынды жазаның мөлшерін қалай анықтайды? Заңда бұл сұраққа тікелей жауап жоқ. Соның арасында, осы сұрақты шешудің маңызды екендігі белгілі. Көптеген қылмыстық құқық оқу құралдарының авторлары көрсеткендей, «қорытынды жазаның мөлшері қылмыскердің пайдасына анықталу керек, ол ҚР ҚК 58-бабының 2-тармағымен қарастырылған» [9, 147 б.]. Ғалымдар осыған байланысты әр түрлі көзқарастар ұстанған. Сұрақтың маңыздылығына байланысты оны заңи тұрғыдан шешу дұрыс болар еді.

Тәжірибеде мынадай жағдайлар кездеседі, қылмыстардың жиынтығы қылмыстардың реттілігін анықтайды: бірінші – ауырлығы шамалы, екінші, үшінші және төртінші – ауырлығы орташа қылмыс; бірінші – ауырлығы орташа, екінші – ауыр, үшіншісі – ауырлығы шамалы қылмыс. Ауырлығы шамалы қылмыстардың ауырлығы одан да жоғары қылмыстармен байланысы әр түрлі болуы мүмкін. Бірақ та осындай қылмыстың байланысы орын алғанда жазаның тағайындалудың процесін заң

---

тұжырымдамайды. Сондықтан бұл сұрақты заңды талқылау арқылы немесе логикалық талдау жүргізу арқылы шешуге болмайды. Егер бір қылмыс ауырлығы шамалы қылмыстар категориясына жатса, ал екіншісі және үшіншісі – ауырлығы орташа қылмыстар қатарына (немесе үшіншісі – ауыр немесе керісінше), онда соңғы екеуі үшін ҚР ҚК 58-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілген жаза мөлшерін ішінара немесе толығымен қосылуы арқылы шекті мөлшері анықталады. Сонда екеуінің жиынтық жазаның мөлшері жоғарғы шекті мөлшерінен асуы мүмкін, ол 20 жыл бас бостандығынан айырудан да көп болуы мүмкін.

Ал ауырлығы шамалы қылмыстар үшін жаза ше? Бұдан анығы ішінара қосу таза механикалық жолмен қарастыруға болмайды. ҚР ҚК 58 б. 3 бөлігінде көрсетілген ереже көрсетілген жағдайда қылмыскердің тұлғасының әлеуметсіздендірілу процесін ескереді, ол туралы ауырлығы шамалы қылмыс жасағаннан кейін ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаса жағдай дәлелдейді.

Қылмыстық Кодекстің 54-бабының 1-бөлігінің «1» тармақшасымен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде «қылмыстардың бірнеше мәрте жасалуы, қылмыстардың қайталануы» танылады деп қарастырылған.

Сонымен қатар, Қылмыстық Кодекстің 54-бабының 2-бөлігінде «егер ауырлататын мән-жай осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде қарастырылған болса, ол өздігінен жаза тағайындағанда қайталап ескерілмеуі керек» деп көрсетілген. Яғни, жаңа Қылмыстық Кодекс құқықтық мағынасы бар бір және тура сол мән-жай екі рет ескерілмеуі тиіс деген ережеге негізделеді.

Осы айтылғандарға орай, сот қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы және қылмыстардың аса қауіпті қайталануы орын алған реттерде тұлғаның қылмыс жасау фактісін жазаны ауырлататын мән-жай ретінде ескеруге құқылы ма деген сұрақ туындайды, себебі, осы Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің 68-бабының 2-бөлігімен жасалған қылмыс үшін Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің бабымен көрсетілген, сәйкесінше ең қатаң жазаның максималды мерзімі тағайындалатын жазаның жартысынан, үштен екісінен және төрттен үшінен төмен емес минималды мөлшерінің міндетті анықтамасы талабы қарастырылады.

Бұл сұрақты шешуде, сірә, Қылмыстық Кодекстің 59-бабының 3-бөлігіндегі Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің бабы тұлғаның соттылығын ауырлататын белгі ретінде қарастырса, онда Қылмыстық Кодекстің 59-бабының 2-бөлігіндегі ереже жаза тағайындағанда қолданылмайды деген нұсқауға да көңіл бөлмеуге болмайды.

Айтылғандарды ескере отырып, 54-баптың 1-бөлігінің «а» тармақшасы мағынасындағы ауырлататын мән-жай ретіндегі қылмыстардың қайталануы жаза тағайындағанда Қылмыстық Кодекстің 59 бабының 2-бөлігіндегі ереже бойынша ескерілмейтіндігін көреміз. Әйтпесе, бұл Қылмыстық Кодекстің қылмыстардың қайталануы жайлы ережелерін бір және тура сол жағдай үшін қайталап қолдануды білдіретін еді.

Сондықтан да, Қылмыстық Кодекстің 54-бабының 1-бөлігінің «1» тармақшасынан жазаны ауырлататын мән-жай ретінде – «қылмыстардың қайталануы» белгісін алып тастау қажет.

Аталған тармақшада тек «қылмыстардың бірнеше мәрте жасалуы» нұсқауын қалдыруға болады, өйткені, Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында қылмыстардың көптігінің осы түрі орын алған ретте жаза шегінің ұлғаятындығына ешбір нұсқау жоқ.

Қылмыстық Кодексте тұлғаның жаңа қылмыс жасауы соттылықты жоятын мерзімді үзеді ме деген сұрақ нақты шешілмеген. Бұл сұрақтың шешімінің қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы және аса қауіпті қайталануында жасалған іс-әрекетке баға беру үшін қағидатты мағынасы бар.

---

Қылмыстық Кодекстің 59-бабының 1-бөлігінде көзделген жағдайлар, атап айтқанда, қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы және аса қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзетушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жай, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі қылмыстың қайталануы жағдайында жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Қылмыстың қайталануы қылмыс істеген адамның іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін және қылмыскердің тұлғасын сипаттайтын белгі болып табылады [10, 232 б.].

Ал, Қылмыстық Кодекстің 59-бабының екінші бөлігінде қайталанып жасалған қылмыс үшін жаза тағайындаудың ерекшелігі көрсетілген, яғни, Қазақстан республикасы Қылмыстық Кодексінің 59-бабының 2-бөлігі қылмыстың қайталануы жағдайында жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі мен мөлшерін бекітеді. Мәселен, баптың осы бөлігіне сәйкес:

- қылмыстардың қайталануы жағдайында жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің үштен бірінен төмен;

- ал қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында – жартысынан төмен;

- ал қылмыстардың аса қауіпті қайталануы жағдайында – үштен екісінен төмен болмауы керек.

Бірақ та қылмыстардың қайталануының қауіптілігі ескеріле отырып, осы Кодекстің Ерекше бөлімінің бабында (бабының бөлігінде) айқындаушы белгі ретінде қылмыс жасаған адамның соттылығына сілтеме болса, сондай-ақ осы Кодекстің 59-бабында көзделген ерекше мән-жайлар болған кезде қылмыстың қайталануы, қауіпті қайталануы немесе аса қауіпті қайталануы кезінде жаза Қылмыстық Кодекстің 59-бабының 2-бөлігінде көзделген ережелерді ескермей тағайындалады. Мысалы, Қылмыстық Кодекстің 169-бабындағы қарулы бүлік жасағаны үшін жоғары жаза 15 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру болып белгіленген. Қайталанып жасалған қылмыстың түрлеріне байланысты осындай тәртіппен көтеріңкі жаза мөлшері мен түрін белгілеу бұрын қасақана қылмыс жасағаны, сотталғандығына қарамастан тағы да қасақана қылмыс істеп түзелу жолына түспегендерге берілген лайықты жаза болып табылады. Мұндайларға түзелу үшін ауырырақ жаза тағайындау қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті [11, 241-242 бб.].

Қылмыстардың қайталануы жағдайында жаза тағайындауға байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» №1 нормативтік қаулысының 12,13-тармақтарында былай деп белгіленген:

Егер бұрынғы үкім бойынша Қылмыстық Кодекстің 63-бабын, яғни, шартты түрде соттауды қолдану арқылы сотталған адам сынақ мерзім ішінде жаңа қылмыс жасаған болса, онда сот қылмыстың қайталануы туралы мәселені шешкен кезде Қылмыстық Кодекстің 64-бабының, яғни, шартты түрде соттаудың күшін жою немесе сынақ мерзімін ұзартудың 4-бөлігіндегі талаптарды, атап айтқанда, шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі ішінде абайсызда қылмыс жасаған не кішігірім ауырлықты қасақана қылмыс жасаған жағдайда шартты түрде соттаудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындалған кезде шешеді деген талаптарды міндетті түрде ескеруі тиіс. Бұл орайда қылмыстың қайталануын анықтаған кезде Қылмыстық Кодекстің 63-бабы бойынша бас бостандығынан айырылған адамның соттылығы, тек егер сот жаңа қылмысы үшін жаза тағайындаған кезде бұрынғы үкім бойынша шартты соттылығын жою туралы шешім

---

кабылдаған жағдайда ғана ескерілуі мүмкін. Егер сот абайсыз немесе онша ауыр емес қасақана қылмыс туралы істі қараған кезде бұрынғы үкім бойынша шартты соттылықты қалдыру туралы тұжырымға келсе, онда Қылмыстық Кодекстің 63-бабы бойынша соттылығы қылмыстың қайталануын анықтаған кезде ескерілмейді.

- Соттар тиісінше қылмыстардың қайталануы кезінде, аяқталмаған қылмыс, сондай-ақ қылмыстардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде осы адамдарға белгіленген жаза мерзімдерінің шеңберін қатаң сақтауы тиіс.

- Бұл орайда Қылмыстық Кодекстің 5-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, яғни, әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, жауаптылықты немесе жазаны күшейтетін немесе осы әрекетті жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен нашарлататын заңның кері күші болмайды деген ережеге сәйкес, Қылмыстық Кодекстің 59-бабының екінші бөлігіндегі ережелер Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі күшіне енгенге дейін жасалған (1998 жылғы 1-қаңтарға дейін) қайталау, қауіпті қайталау немесе аса қауіпті қайталауды құратын қылмыс үшін қолданылмайтынын ескеру керек. Егер қайталауды құрайтын соттылықтар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің күшіне енгенге дейінгі және одан кейін жасалған қылмыстар құрайтын болса, онда Қылмыстық Кодекстің 59-бабының екінші бөлігіндегі тәртіп тек 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған қылмысы үшін соттылығын ескере отырып қолданылады. Аяқталмаған қылмыс үшін тиісті қайталау орын алған жағдайда жазаның ең жоғары мөлшері Қылмыстық Кодекстің 56-бабында көрсетілген мерзімдер мен көлемдерден аспауға тиіс. Яғни:

- аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде соның себебінен қылмыс ақырына дейін жетпеген мән-жай ескеріледі;

- қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімі мен мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінде аяқталған қылмыс үшін тиісті бапта көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауы керек.

- қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімі мен мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті бапта ерекше қылмыс үшін көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінен ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшіннен аспауы керек.

қылмыс жасауға дайындалғаны үшін және қылмыс жасауға оқталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды [12].

Қылмыстардың қайталануы – адамның сотталғаннан кейін қайта қылмыс жасауы, қоғамға аса қауіпті болып табылатындықтан, заңда қылмыс қайталанған жағдайда жаза тағайындаудың арнайы ережесі белгіленген. Оның негізгі мәні мынада: қылмыстардың қайталануы бойынша жаза тағайындай отырып, сот бұрын жасалған қылмыстардың санын, сипатын және қоғамдық қауіптілік дәрежесін, оның алдындағы жазаның түзетушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жайларды, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін міндетті түрде ескеруге тиіс [13, 86 б.].

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстардың қайталануы жағдайында жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі мен мөлшері, жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғарғы мерзімі мен мөлшерінің жартысынан төмен болмауы қажет [14, 240 б.].

Қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында тағайындалатын жаза жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғарғы мерзімі мен мөлшерінің үштен екісінен, ал қылмыстың аса қауіпті жағдайында – төрттен үшіннен төмен болмауға тиіс деп біз бағана айтып өттік. Мысалы, қасақана жасаған бұрынғы қылмысы үшін сотты болған адам Қылмыстық Кодекстің 175-бабының 1-бөлігі бойынша сотталады. Қылмыстық Кодекстің көрсетілген бөлігінің санкциясында



---

балама ретінде берілген бес түрлі жазаның сот айыпкерге ең қатаң түрін – бас бостандығынан айыруды тағайындай алады. Бұл жағдайда қылмыстың жәй қайталануы орын алғандықтан, Қылмыстық Кодекстің 59-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот айыпкерге бір жыл алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды тағайындай алады. Егер сотталғанның әрекетінде қылмыстардың қауіпті қайталану нышаны болса – екі жыл үш айдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындай алады.

Егер Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің қолданылып отырған нормасы соттылықтың болуын саралаушы белгі ретінде қарастырса, мұндай қылмыстардың қайталануында сот жазаны Қылмыстық Кодекстің 59-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіпті ескермей-ақ тағайындайды, яғни, сот жаза тағайындаған кезде жазаның ең аз мөлшеріне қатысты ауқыммен шектелмейді. Бұл, мұндай жағдайларда қылмыстың қайталануы қылмыстық заң нормаларында бұрыннан ескерілгендігіне байланысты, сондықтан да жаза тағайындау кезінде оны қайта есепке алудың қажеті жоқ. Сонымен қатар қылмыстардың қайталануы болып және Қылмыстық Кодекстің 55-бабында көзделген ерекше мән-жайлар орын алса, бұл жағдайда да жаза Қылмыстық Кодекстің 59-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіпті есепке алмай тағайындалады. Қылмыстық Кодекстің 59-бабының бұл ережелеріне түсініктеме беру үшін мына мысалдарды қарастырайық. Мысалы, айыпкер Қылмыстық Кодекстің 175-бабы 3-бөлігінің «в» тармағы бойынша бұрын екі немесе одан көп соттылығы бар адам ретінде бұзақылық (кез келген формасы) немесе қорқытып алушылық үшін сотталды. Мұндай адамға жаза тағайындау кезінде Қылмыстық Кодекстің 2-бабында көрсетілген ережені ескереді (қылмыстардың қайталану белгісі бола тұрса да), яғни, мүлкін тәркілеп үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындай алады.

Сонымен қатар, тағы да мына бір мысал бойынша қылмыстардың қайталану белгісі бар жағдайда адам Қылмыстық Кодекстің 175-бабының 1-бөлігі бойынша сотталуда. Бірақ сот іс материалдарында Қылмыстық Кодекстің 55-бабында көрсетілген ерекше мән-жайлардың бар екендігін анықтады. Бұл жағдайда да сот айыпталушыға жазаны Қылмыстық Кодекстің 59-бабының 2-бөлігінде көрсетілген ережелерді есепке алмай тағайындайды, яғни, Қылмыстық Кодекстің 175-бабының 1-бөлімінің санкциясында көзделген жазалардың бас бостандығынан айыруға қарағанда жеңілдеуін тағайындай алады. Егер бәрі бір бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалса, ол алты айдан үш жылға дейінгі мөлшерде болуға тиіс [15, 101-102 б.].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 59-бабына сәйкес, қылмыстардың қайталануының өзі қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танылады. Бұған қосымша, қылмыстық заңмен қылмыстардың қайталануы кезінде жаза тағайындаудың арнайы тәртіптері реттелген және олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің арнайы баптарымен белгіленген [16, 184 б.].

Қылмыстарды қайталап жасағаны үшін тұлғаға жоғары деңгейдегі қылмыстық жауаптылықтың көзделетіндігі 1959 жылғы Қазақ ССР Қылмыстық Кодексінде де қарастырылған болатын. Бұл жерде жаза тағайындау кезінде «қылмыстың кәсіби қылмыскермен жасалуы немесе бірінші рет қылмыс жасап тұрған тұлғамен жасалуы» ескерілуі тиіс екендігіне баса назар аударылған. Содан кейін соттар да жаза тағайындау кезінде қылмыстың кәсіби рецидивист қылмыскермен жасалуы немесе ол қылмыстың бірінші рет жасалуы жағдайын белгілеуге міндетті болды.

Қылмыстардың қайталануының әлеуметтік маңызы қайталап қылмыс жасаушының жеке басының қоғамдық қауіптілігі дәрежесінің оның салт-санасында тұрақты қалыптасқан, жаңа қылмыс жасауға итермелейтін қоғамға жат мінез-

---

құлықтардың болуына байланысты өсуімен түсіндіріледі, бұл мән-жағдай өз кезегінде ҚР ҚК 52-бабында көзделген мақсаттарға жетудің алғы шарты есепті оған барынша қатаң жаза тағайындауды негіздейді.

Сот тәжірибесі қашанда қайталап қылмыс жасаушылардың жауаптылығын күшейту жолында болды. Айталық, жоғарыда аталған Қаулыда: «бұрынырақта сотты болған адамдарға жаза тағайындау туралы мәселені шешу кезінде соттар табанды түрде түзелу жолына түскісі келмейтін және ауыр қылмыстар жасаған кәнігі қылмыскерлерге қатысты негізгі жеңіл жаза шараларын қолдану жағдайларына жол бермей отырып, жазаны жеке даралау туралы заң талаптарын басшылыққа алуға тиіс», - деп атап көрсетілген.

Қылмыстардың қайталануы жағдайында қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ретте қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыруды тек мемлекеттің белгілі бір органдарының заңда көзделген шараларды іс жүзінде қолдануы деп ұғыну аздық етеді. Қылмыстылыққа ықпал ететін қылмыстық-құқықтық шаралар, әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Айталық, қылмыстың қайталануы жағдайында қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың айыпкерді жазасын өтеусіз соттау сияқты түрі, қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың маңызды сипаты соттау дәйегінің өзі, адамды кәнігі қылмыскерлер қатарына жатқызу болса да, өзін-өзі ақтай алмайды.

Айта кететін бір мәселе, көптік қылмыс қиындықтары мен оны жеке қылмыстан ажырататын қарастыру әлі де өңдеу мен зерттеуді қажет етеді. Әзірге оның теориясындағы және іс- тәжірибесіндегі көптеген сұрақтары әрқилы, сондықтан біркелкі қылмыстық заң қолданылмай жүр. Қорыта келе айтарымыз, көптік қылмыс мәселесі әлі де толық шешілмеген. Сондықтан қылмыстық кодекске көптік қылмыс, оның түрлері мен формалары және солармен іргелес жасалатын жеке қылмыстар туралы заңдар еңгізілуі тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Утевский Б.С. О повторении преступлений. – М., 1952. - С. 45.
2. Карпец И.И. Об эффективности уголовного наказания // Соц. законность. - 1966. - № 5. - С. 20.
3. Аванесов Г.А. О возможностях использования методов математической статистики в исследованиях по исправительно-трудовому праву // Материалы Всесоюзного семинара преподавателей исправительно-трудового права юридических факультетов университетов, юридических институтов, высших и средних учебных заведений Министерства охраны общественного порядка СССР – 6 – 10 февраля 1967 г. - М., 1968. - С. 163.
4. Утевский Б.С. Пенитенциарные проблемы в Государственном институте по изучению преступности и преступника //Административный вестник. - 1927. - № 13. - С. 36.
5. Никифоров Б.С. О рецидиве и судимости // Сов.гос-во и право. - 1957. -№ 5. - С. 103-104;
6. Ной И.С. – Уголовная политика и законодательство // Конституция СССР и дальнейшее укрепление законности и правопорядка. - М., 1979. - С. 83.
7. Яковлев А.М. Рецидив как объект уголовной политики //Проблемы правосудия и уголовного права. - М., 1978. - 120 с.
8. Бытко Ю.И. Рецидив, отдаленный во времени. Уголовно-правовые и криминологические исследования. – Саратов, 1984. – С. 93-97.
9. Алауханов Е.О, Рахметов С.М. Жаза: Практикалық-оқу құралы. Алматы: Өркениет, 1999. – 147-148 бб.

- 
10. Каиржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть). Издание 3-е, дополненное. – Алматы: Компьютерно-издательский центр «ДОИВА-Братство», 2003. – С. 232-233.
  11. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық. - Өнд. толықт., 4-бас. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 241-242 бб.
  12. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» №1 нормативтік қаулысы // Егемен Қазақстан. - 1999. – 30 сәуір.
  13. Рахметов С.М., Кулмуханбетова Б.А. Наказание: понятие, цели, виды, порядок и назначение: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – С. 86.
  14. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Ответственные редакторы: проф. Рогов И.И., доц. Баймурзин Г.И. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – С. 240.
  15. Рахметов С.М., Кулмуханбетова Б.А., А.А. Нұрымбетов. НАКАЗАНИЕ: Учебное и практическое пособие. – Алматы: Данекер, 1998, - С. 101-102.
  16. Оңғарбаев Е.Ә., Смағұлов А.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Оқулық. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005, - 184 б.

### **Резюме**

Статья посвящена проблеме назначения наказания при рецидиве преступлений. Рассматриваются точки зрения по поводу расширения понятия рецидива. Автор предлагает дифференцировать наказание при рецидиве в зависимости от его вида.

### **Summary**

The article is devoted to the problem of sentencing for recidivism. The points of view on the expansion of the concept of relapse are considered. The author proposes to differentiate the punishment for relapse depending on its type.

ӘОЖ 347.9

**Ермекова Е.Е.**  
**Сулейман Демирель Университеті**  
**2-курс магистранты**  
**Ғылыми жетекші:**  
**з.ғ.к., доцент Омарова А.Б.**

### **ДАУЛАРДЫ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУ**

Шет мемекетің тәжірибесінде көрініс тапқандай, татуласу рәсімдері сот нысанында қорғанумен қатар қолданылады. Сонымен қатар, мұндай рәсімдер мемлекеттік әділеттілікті алмастырмайды және азаматтардың конституцияда белгіленген сот арқылы қорғану құқығын бұзбайды. Татуласу рәсімдерінің арқасында, тараптар өзара тиімді шарттар арқылы жанжалды тәуелсіз реттей алады, бұл олардың абыройының бекітілуіне және әріптестік қарым-қатынасының сақталуына үлесін қосады. Солардың қатарында дауларды татуластыру рәсімдерімен шешудің бір түрі ретінде партисипативтік рәсім көрініс тапқан. Мақалада кодекс негізінде партисипативтік рәсімге толық талдау жасау қолға алынды.

---

**Кіліт сөздер:** татуластыру рәсімі, партисипативтік рәсім, дауды балама шешу, медиация, адвокат, бірлескен құқық.

Партисипативтік рәсім ұғымын толық ашу үшін жекелей алғандағы терминнің мағынасына назар аударылады. «Participative» сөзі француз тілінде «қатысушы, қатыса алатын» деген мағынаны білдіреді. Ал «партисипативтік» термині «басқаруға қатысу», яғни белгілі бір мәселеге қатысты шешім қабылдауға тікелей қатысу деген түсінікке келеді.

Әлем тәжірибесін салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, Солтүстік Америкадағы «бірлескен құқық» (collaborative law) және Канададағы «партисипативтік әділет» (justice participative) қолданудың жақсы тәжірибесін көре аламыз. Ал партисипативтік рәсімді Францияда қолдану туралы ұсыныс ең алғаш Сержа Гиншараның басқаруымен комиссияның баяндамасында көрініс тапты/1/. 2010-2011жж. Францияда дауды реттеудің балама рәсімдеріне қатысты соңғы әрі ауқымды реформа жүргізілді. Оның нәтижесінде партисипативтік рәсім секілді жаңа дауды реттеудің балама түрі қалыптасып заңнамамен бекітілді.Францияның азаматтық процессуалдық кодексі дауларды реттеудің баламалы әдістерінің осы түрін қолдануға жататын келесі ережелерден тұрады:жалпы ережелер (1542, 1543 бб.);дауларды реттеуде (конвенциялық процедуралар) (1544, 1546 бб.) тараптардың келісімін іздеу бойынша партисипативтік процедурасын жүргізу тәртібі және басшылық бастамасы;партисипативтік процедурасын тараптардың жүргізуі барысында маманды (сарапшы) қатыстыру мәселесі (1547, 1554 бб.);тараптармен дауларды реттеудің партисипативтік процедурасын өткізуінің қорытындылары (1555 б.);тараптардың келіспеушіліктерін толығымен реттеу партисипативтік процедурасын жүргізудің қорытындысы бойынша қол жеткізген келісімдерді тараптардың келісімін сотпен бекіту процедурасы (1557 б.);партисипативтік процедурасын жүргізудің қорытындысы бойынша тараптардың келісімін жарым-жартылай реттеу бойынша қол жеткізген келісімдерді сотпен бекіту процедурасы және келісімнің реттелмеген бөлігіндегі дауларды шешу және соттың қарастыру процедурасы (1558, 1564 бб.).

Азаматтық процесте партисипативтік рәсім – бұл тараптардың өзара тиімді шешімге қол жеткізу мақсатында, соттың қатысуынсыз, олардың адвокаттарының міндетті қатысуымен тараптар арасындағы дауды реттеудің келіссөз процесі; және ол тараптың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылады. Іс бойынша тарап және олардың адвокаты партисипативтік рәсімнің қатысушылары болып табылады. Партисипативтік рәсімнің тараптары жеке тұлға да, заңды тұлға да бола алады. Партисипативтік рәсімнің қолданылу аясына, егер заңда өзгеше көзделмесе, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерден басқа, талап қою ісін жүргізудің азаматтық, еңбек, отбасы және басқа құқық қатынастан туындайтын кез келген азаматтық-құқықтық даулар жатады (ҚР АПК 174-б. 3-т.). Бұл норма үшінші тараптың құқықтарын қорғау мақсатында айтылады.

Партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейінгі сот талқылауының кез келген сатысында, сондай-ақ сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін (ҚР АПК 175-б. 1-т.).

Партисипативтік рәсімді жүргізудің теріс нәтижесі болып тараптардың партисипативтік рәсім тәртібімен келісімге қол жеткізе алмауы табылады, мұндайда істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Ал рәсімнің оң нәтижесіне соттың қатысуынсыз, тараптардың адвокаттарының қатысуымен келіссөздер өткізу арқылы тараптармен қол жеткізілген партисипативтік рәсім шегінде дауды реттеу туралы жазбаша келісім жатады. Келісім орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс және олар нақты, түсінікті әрі орындала

---

алатын болуы қажет. Келісімде жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, татуласу келісімін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін. Келісімді бекіту туралы ұйғарымның сот шешімімен тең күші болғандықтан, келісім орындалмаған жағдайда атқару парағын алу арқылы мәжбүрлеп орындау мүмкіндігі бар. Атқару парағын алу бойынша сотқа жүгінудің негізі болып келісімде көрсетілген мерзімнің өтуімен қарсы тараптың өз міндеттерін орындамауы болып табылады.

Партиципативтік рәсім тәртібімен жасалған келісімді оны жасасқан тұлғалар осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде ерікті түрде орындайды. Ерікті түрде орындалмаған татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғаның өтінішхаты бойынша сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады. Бұл жағдайда сот отырысы жүргізілмейді және сот әрекеттері шағымдануға жатпайды.

Партиципативтік рәсімнің тараптары сотқа жазбаша түрде алдын ала ескертіп, рәсім барысындағы өзара келіссөзден кез-келген сатысында бас тартуға құқылы. Партиципативтік рәсім барысында тарап сотқа берілген талаптың негізі мен пәнін өзгертуден басқа, өз қалауы бойынша өзінің материалдық және процессуалдық құқықтарына билік етуге, талаптың мөлшерін азайтуға не көбейтуге және даудан бас тартуға құқылы. Тараптар өзара тиімді келісімнің нұсқаларын талқылау үшін сұрақтарды таңдауда еркін. Тараптар партиципативтік рәсімде адвокатты және өзін қорғаудағы құрал және тәсілді таңдауда, ондағы өзінің ұстанымын анықтауда, ақпаратты алуда, дауды реттеу туралы келісім тараптарының тиімділігін бағалауда тең құқылы және тең жауапкершілікке ие.

Партиципативтік рәсім тараптармен келісілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Тараптар өздерінің қалаулары бойынша партиципативтік рәсімді жүргізетін орынды, оны өткізетін күн мен уақытты анықтайды және рәсім барысында қолданылатын тілді не тілдерді келіседі. Тараптар арасында татуласу келісімі жасалған жағдайда, ол азаматтық сот өндірісі жүргізілген тілде құрылуы керек.

Тараптың партиципативтік рәсімге жүгінуіне ұсыныс басқа тараптың, соттың және адвокаттың өтінішімен жасалуы мүмкін. Азаматтық сот өндірісі шегінде партиципативтік рәсімді жүргізу тараптардың бірі осы туралы сотқа арызданған не сотпен әрекет етуші азаматтық процестік заңнаманың шегінде ақылға қонымды мерзім ішінде осы рәсімнің шегінде келіссөз жүргізу ұсынылған күннен басалды деп есептелінеді. Егер тараптардың бірі партиципативтік рәсімді жүргізу туралы ұсынысты жазбаша нысанда жіберіп, келіссөз жүргізуге басқа тараптан ақылға қонымды мерзім ішінде ұсынысқа келісімді алмаса, онда ол бас тартылған болып есептелінеді.

Партиципативтік келіссөзді жүргізу үшін тараптар бір немесе бірнеше адвокатты таңдайды. Адвокаттар алқасы лайықты адвокатты (адвокаттарды) ұсына алады, егер алқаға тараптардан осындай өтініш келіп түссе.

Азаматтық сот өндірісі шегінде азаматтық істі қарау мерзімі талаптарын ескере отырып, тарап өзара келісіммен партиципативтік рәсімді жүргізу мерзімін анықтайды.

Егер адвокаттың қатысуымен партиципативтік рәсім азаматтық процестен тыс жүзеге асырылса, онда дау тараптарының келісімі бойынша тарап және олардың адвокаттары келіссөзді аяқтау мерзімін бекітеді.

Партиципативтік рәсімді жүргізумен байланысты шығындарға:

- 1) адвокаттың сыйақысы (қаламақысы);
- 2) партиципативтік рәсімді жүргізумен байланысты адвокаттың шеккен шығындары, сонымен қатар дауды реттеу бойынша келіссөз жүргізетін орынды қарауға кеткен жол, тамақ және тұратын жердің шығыны;

---

3) маманның, сарапшының, бағалаушының қорытындыларына тәйленген ақы, яғни партисипативтік келіссөз үшін ақпарат жинау мақсатында тараппен өтелген шығын.

Адвокаттардың сыйақысының мөлшері партисипативтік рәсім басталғанға дейін тараппен келісім бойынша анықталады.

Азаматтық сот өндірісінде жүргізілетін партисипативтік рәсімді тоқтату барысында тараптар азаматтық іс өндірісіндегі сотқа төмендегілерді кешіктірмей жіберуі керек:

1) дауды реттеген жағдайда – дау реттеу туралы қол қойылған келісім (қол қойылған күні);

2) басқа жағдайларда – дауды реттеу туралы келісімді жасау мүмкін болмауына байланысты істі мәні бойынша қарау күнін белгілеу туралы жазбаша арызы (тараптың партисипативтік рәсімді әрі қарай жүргізуден бас тартқан күні).

ҚР АПК-не сәйкес, азаматтық-құқықтық дау толықтай және бір бөлігінде медиациямен қатар, партисипативтік рәсімнің тәртібімен шешілуі мүмкін. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу жария-құқықтық қатынастан туындайтын істерден басқа, кез-келген істерге қатысты қолданылады. Осы рәсімнің мақсаты – екі тарапты қанағаттандыратын тәртіпте дауды жедел шешу және сот жүйесіндегі жүктемені азайту.

Медиация рәсімін жүргізу секілді, партисипативтік рәсімді жүргізу барысында сот өзінің ықыласымен немесе тараптардың арызымен партисипативтік рәсім аяқталғанға дейін іс бойынша өндірісті тоқтата тұруға хақылы. Медиациядағы сияқты, бұндай өндірісті тоқтата тұрудың мерзімі он жұмыс күнінен аспауы қажет, яғни партисипативтік рәсім тәртібіндегі дау он жұмыс күні ішінде реттелуі тиіс.

ҚР АПК-нің 182-бабы 1-тармақшасына сәйкес, іс жүргізуінде іс жатқан судья дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және осы кодекстің 177-бабына сәйкес оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім және оны бекіту туралы ұйғарым мынна екі талапқа сай келуі керек: татуласу келісімінің нысаны мен мазмұны және соттың татуласу келісін бекіту талаптарына сәйкес келуге тиіс:

Бірінші талап қатарына: келісімі жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері оларда сенімхатта арнайы көзделген партисипативтік келісін жасауға өкілеттіктері болған кезде қол қояды; келісімі оларды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс; келісімді кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді; келісінде кейінге қалдыру немесе ұзарту мерзімдері көрсетіле отырып, жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, партисипативтік келісін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін. Егер партисипативтік келісінде сот шығыстарын бөлу туралы шарт болмаса, олар өзара өтелді деп есептеледі; келісім, келісімді жасасқан тұлғалардың санынан бір дана артық жасалады және оған қол қойылады. Партисипативтік келісін бекіткен сот осы даналардың біреуін іс материалдарына қоса тіркейді.

Ал екінші талап қатарына: сот тараптардың партисипативтік келісін бекітуі туралы өтінішхатын сот отырысында қарайды. Іске қатысатын адамдар сот отырысының өтетін уақыты мен орны туралы хабарландырылады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптар сот отырысына келмеген және өтінішхатты олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз болмаған

---

жағдайда, сот партисипативтік келісімін бекіту туралы өтінішхатты қарамайды; сот партисипативтік келісімін жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді; сот қарау нәтижелері бойынша партисипативтік келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату не партисипативтік келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады; егер партисипативтік келісімі заңға қайшы келсе немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот оны бекітпейді. Сот партисипативтік келісімін бекітуден бас тартқан жағдайда бұл туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы уәждер апелляциялық шағымда көрсетілуі мүмкін; сот актісін орындау сатысында жасалған партисипативтік келісімі сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы соттың немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады; татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін. Сонымен қатар, прокурорға ҚР АПК-нің 54-бабы 5-тармақшасына сәйкес, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасау құқығы берілмей, ерекше аталып өткен.

Партисипативтік рәсімде келіссөздер мына жағдайларда аяқталад:

- 1) дауды реттеу туралы келісімге қол қою – осындай келісімге қол қойылған күннен бастап;
- 2) партисипативтік рәсімдегі келіссөздер жолымен дауды шешу мүмкін еместігі жағдайын адвокат бекіткенде;
- 3) келіссөздер жолымен дауды шешу мүмкін еместігімен байланысты тараптың партисипативтік рәсімінен жазбаша бас тартуы – істі мәне бойынша тыңдау күнін белгілеу туралы арызбен сотқа жүгінген күннен бастап;
- 4) партисипативтік рәсімді жалғастырудан тараптардың бірінің жазбаша бас тартуы – басқа тарапқа тараптың адвокатымен жазбаша бас тарту жіберілген күннен бастап;
- 5) партисипативтік рәсімді жүргізу мерзімі өткен болса.

Партисипативтік рәсім шегіндегі келіссөз тараптарымен қол жеткізілген дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады, тараптармен қол қойылады және азаматтық сот өндірісі шегінде сотпен бекітіледі. Келісім партисипативтік рәсім тараптары туралы мағұлматты, даудың пәнін, келіссөзге қатысушы адвокат(адвокаттар) туралы, сонымен қатар тараптармен келісілген келісімнің талаптары, тәсілі және орындау мерзімі, оны орындау не орындауға жатпаудың салдары туралы қамтылуы керек. Дауды реттеу туралы келісім, осы келісімде қарастырылған мерзім және тәртіпте партисипативтік рәсімнің тараптарымен ерікті орындалуға жатады.

Егер партисипативтік рәсім шегінде жасалған келісім сотпен бекітілсе, онда ол азаматтық-процестік кодексте қаралған тәртіпте сотқа бағытталған мүдделі тұлғаның арызы бойынша мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Сотта азаматтық істі қарағанға дейін жасалған партисипативтік рәсімнің шегіндегі дауды реттеу туралы келісім тараптың азаматтық құқығы мен міндеттернің бекітілуіне, өзгеруіне және тоқтауына бағытталған келісім ретінде көрінеді. Партисипативтік келіссөздегі тарап осындай келісімді орындауға не орындауға жатпаған жағдайда, келісімді бұзғаны үшін заңмен қарастырылған тәртіпте жауапкершілік тартылады.

Азаматтық процес барысында партисипативтік рәсімді жүргізу кезінде тараптармен қол жеткізілген дауды реттеу туралы келісім, азаматтық іс өндірісіндегі сотқа кешіктірілмей жіберіледі. Партисипативтік рәсім шегінде тараптармен қол жеткізілген азаматтық сот өндірісі тәртібінде дауды реттеу келісімі оны бекіткен соттың ұйғарымы заңды күшіне енген күні күшіне ие болады. Соттан тыс

---

партисипативтік рәсім шегінде тараптармен қол жеткізілген дауды реттеу туралы келісім тараптармен оған қол қойылған күні күшіне енеді.

Жалпы талдау жүргізуді толыққанды аяқтау үшін статистикалық мәліметтер тірегі қажет. Алайда республикалық жалпы орталықтандырылған жинақталған дерекқорларда партисипативтік рәсім тәртібінде қаралған істер жөнінде ақпараттар жоқ. Аталған мәліметтерді жекелеген аумақтық бөлім негізінде жарияланған мақалалардан алуға болады. Сондай статистикалық ақпараттарға сүйенсек, 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында Астана қаласы бойынша 1617 іс медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен татуластыру арқылы қарастырылған/2/. Алайда бұл қайнаркөзде нақты қанша іс партисипативтік рәсім тәртібімен тоқтатылғаны көрсетілмеген. Орал қаласындағы МАЭС тараптардың дауды адвокаттары арқылы партисипативтік рәсім тәртібімен шешуге келісімімен іс жүргізуді тоқтатқан. Сондай-ақ, нәтиже ретінде облыстық сот пен адвокаттар алқасының арасында өзара ықпалдастық туралы Меморандум көрініс береді/3/. 2017 жылы қыркүйекте Павлодар облысында осы жылдың басынан бері әртүрлі санаттағы азаматтық істер бойынша барлығы 13 партисипативтік келісім жасалғаны жарияланған/4/. Дәл осы мерзімге Қостанай облысында дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу туралы 17 келісім/5/, ал 2016 жылдың қорытындысында әр түрлі санаттағы істер бойынша ата-аналардың арасындағы дауларды реттеу барысында облыстық ювеналдық сотта қаралған 54 іс тоқтатылып, оның ішінде 2 партисипативтік рәсім тәртібімен келісім жасалған/6/.

Келтірілген статистикадан көретініміз партисипативтік рәсім тәртібі арқылы дауларды реттеу үлкен қолдау тауып жатқанына қарамастан салыстырмалы түрде басқа татуластыру рәсімдеріне қарағанда жоғарғы көрсеткіштерге ие емес. Бұлай болу себебінің біршама өзіндік себептері бар. Біріншіден, орын алып жатқан партисипативтік келісімдердің статистикалық ақпараттары толық болмағандықтан нақты айту қиын. Екіншіден, мұндай келісімдердің өзіндік ерекшеліктерін де ескерген жөн. Оларға келесілерді жатқызамыз: дауды реттеуге тек қана адвокаттың қатысуы; қолданудың тар аясы – жария-құқық және үшінші тұлғалардың мүддесін қозғайтын даулар партисипативтік рәсім тәртібімен реттеле алмайды; егер тараптар партисипативтік рәсім тәртібінде келісімге қол жеткізе алмаса немесе сот дауды реттеу бойынша келісім шарттарын мақұлдаса іс бойынша қарау жалпы тәртіпте жүргізіледі.

Дауды реттеуге тек адвокаттың қатысуы бойынша А.А. Асылбекова келіс пікірді айтады: «...азаматтық іс бойынша тараптар партисипативтік рәсімдеу тәртібімен көп жағдайда келісімге келе береді деп ойламаймын. Себебі адвокаттың қатысуымен қаралғандықтан біз білетініміздей адвокатқа да белгілі жұмысы үшін еңбекақысы төленуі қажет. Ал қазіргі таңда біздің елімізде дағдарыс кезінде бұл өзекті мәселе болып тұр деп ойлаймын. Сонымен, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе заңды тұлғалар арасында ондай сұрақтар туындамауы мүмкін. Бұл жай қарапайым жеке тұлғалар арасында мәселе болып қалады»/14/. Бұл статистикалық ақпараттардың аздығының тағы бір әрі негізгі себебі ретінде түсіндірілуі мүмкін.

Аталған еңбегінде автор келесі ұсынысты келтірген: «тараптардың арасындағы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің жалпы құқықтық жағдайы, талаптары, процессуалдық құқықтары мен міндеттері және оның жүргізу тәртібі туралы арнайы заң қажеттігі болашақта туындайды. Себебі партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім тәжірибеде толығымен жүзеге асыру үшін оны реттейтін арнайы заң қабылдау керек»/7/. Дегенмен, ҚР АПК баптарын саралай отырып, көп жағдайда партисипативтік рәсім тәртібінің басқа рәсім тәртіптерін, әсіресе, медиацияның тәртібін қайталайтындығына көз жеткіздік. Бұл өз кезегінде ҚР заңнамасына тағы бір ұқсас заңның қажеттілігін сұрақ астына қалдырады.



---

Қорыта келе, тақырыпты талдау барысында партисипативтік рәсімдердің ҚР АПК бойынша 17-тарауындағы 181-182 баптарына толық түсіндірме жасау үшін жалпы ҚР АПК-дегі барлық қатысты баптарды талдау қажеттігі туды. Себебі партисипативтік рәсім тәртібіне арналған баптар сілтемелік сипатқа ие. Сонымен бірге ҚР басқа заңдары мен кодекстеріне, ғылыми мақалаларға және статистикаға сараптаулар да жасалды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Alexander N. Global trends in mediation. – 2d ed., Kluwer Law International, 2006. – 340 p.
2. Суд г.Астаны подвел итоги отправления правосудия за первое полугодие текущего года <http://sud.gov.kz/rus/news/sud-gastany-podvel-itogi-otpravleniya-pravosudiya-za-pervoe-polugodie-tekushchego-goda>
3. В Уральске стороны пришли к соглашению в порядке партисипативной процедуры <http://sud.gov.kz/rus/news/v-uralske-storony-prishli-k-soglasheniyu-v-poryadke-partisipativnoy-procedury>
4. В Павлодарском областном суде спор о разделе имущества между супругами урегулирован утверждением партисипативного соглашения <http://sud.gov.kz/rus/news/v-pavlodarskom-oblastnom-sude-spor-o-razdele-imushchestva-mezhdu-suprugami-uregulirovan>
5. В Костанайской области суд урегулировал спор между супругами о разделе общего имущества в порядке партисипативной процедуры <http://sud.gov.kz/rus/news/v-kostanayskoj-oblasti-sud-ureguliroval-spor-mezhdu-suprugami-o-razdele-obshchego-imushchestva>
6. В Костане спор родителей о порядке общения с 2-летним ребенком урегулирован в порядке партисипативной процедуры <http://sud.gov.kz/rus/news/v-kostanae-spor-roditeley-o-poryadke-obshcheniya-s-2-letnim-rebenkom-uregulirovan-v-poryadke>
7. Асылбекова А. А. Тараптардың арасында туындаған дауларды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеудің ерекшеліктері// Право и государство. 2016. № 1(70). С. 65-68.

#### **Резюме**

Как установлено в лучших практиках во всем мире, процедуры примирения сторон широко используются, так же как и защита. Более того, эти процедуры не противоречат правительственному правосудию и не нарушают конституционное право граждан защищаться судами. С помощью примирения стороны могут договориться о конфликте взаимовыгодным образом, это позволит повысить репутацию и сохранить коллегиальные отношения. Одним из нововведений является партисипативная процедура в разрешении конфликтов. В статье полностью описывается партисипативная процедура на основе кодекса.

#### **Summary**

As found in best worldwide practice procedures of reconciliation as well as defense are widely used. Moreover these procedures don't contradict to governmental justice and don't violate the constitutional right of citizens to be defended by courts. With the help of reconciliation parties can negotiate the conflict in a mutually beneficial way, this will allow to enhance reputation and save collegial relationship. One of innovations is participative procedure in resolving conflict reconciliation. The article fully describes participative procedure based on code.

**Kazyzhanov M.R. ,  
al-Farabi Kazakh National  
University, master degree student,  
Department of «Customs, Financial and Environmental» Law  
Scientific director:  
Kuanaliyeva Guldana Amangeldiyevna,  
Doctor of Law,  
Associate Professor of  
«Customs, Financial and Environmental»  
Department in Al-Farabi  
Kazakh National University**

### **SOME PROBLEMS OF FINANCIAL LAW**

Financial Law is a part of the system of the rights of the Republic of Kazakhstan. The phrase «Financial Law» assumes its conditionality the term «Finance». The concept «Finance» is among the widespread, generalizing economic categories characterizing processes of the monetary nature and monetary the relation in the country. Finance is monetary relations which are generated by the fact of existence of the state. And money as signs of an exchange appeared long before emergence of the state and is an indispensable condition of existence of finance. Finance - one of economic categories which development is connected with the commodity-money relations and existence of the state using this category for performance of the tasks. Finance as the economic category represents set of the economic monetary relations on formation, distribution and use of funds of funds of the state, its territorial divisions , and also enterprises, organizations and establishments necessary for ensuring expanded reproduction and social needs.

**Keywords:** finance, financial, fiscal policy, financial system, budget, budget system, etc.

To date, financial law of the Republic of Kazakhstan is one of the few disciplines that study the economic and legal category in the relationship, so in the present conditions of accelerated development of market relations, it has a huge potential for development.

Finance Law of the Republic of Kazakhstan - one of the branches of the law, undergoing rapid development stage today. Change in fiscal relations, creating a system of state budget funds, the emergence of new types of government debt, the formation of a fundamentally new tax and budget system, constant innovation in the field of currency legislation requires science to rethink many fundamental transformation of the structure of categories and former financial and legal institutions.

As rightly said President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev: «We are moving to a clear formula: first - the economy, then - politics. Each stage of political reforms linked to the level of economic development. Therefore, we have been consistently following the path of political liberalization is the only way to modernize the country and make it competitive» [1, page 4].

Financial policy - set of purposeful intentions and activities undertaken by the state in the field of finance to carry out their functions and tasks. Financial policy is an integral part of economic policy. Financial policy is implemented in real economic life through the financial mechanism. The latter is a system of types, forms and methods of organization, planning and financial management. Through the financial mechanism managed financial relationships to form and use of trust funds in cash and cash savings for the implementation

---

of state programs for economic and social development at different levels and spheres of economic reality.

**Main part.** The financial policy of the state is divided into financial strategy and financial tactics. The first is a course designed for the long term and provides a solution to large-scale problems of the economy and social development. The financial strategy is being developed by the state in relation to major historical stages of development of society. Financial strategy specifies strategic vision, focusing on solving urgent problems, overcome the distortions and deviations in the finance and economy of the country, region, sector.

Therefore a problem of financial policy in the conditions of Kazakhstan is development of measures and their embodiment via the financial mechanism on transfer of economy to a trajectory of economic growth, stabilization of economic life on the basis of further restructuring of national economy, to development of business activity, reforming of property with optimization of a share of the state part, to expansion and activization of foreign economic activity, financing of social programs. The mechanism of integration of economy of the republic into the world economy is fulfilled. Thus the financial policy and the mechanism have to provide social protection of the population in process of entry into the market relations from inflation, unemployment, loss of the income. The tasks solved by financial policy:

1) providing conditions for creating the most possible amount of financial resources based on the characteristics of each particular stage of development of the country;

2) the rational allocation and use of financial resources between the spheres of social production sectors of the national economy, the direction of resources for specific purposes;

3) development of the financial mechanism for the implementation of the identified areas of economic development, its continuous improvement.

Despite the diversity of financial mechanisms in Kazakhstan expressed their content in a consistent implementation of such stages:

1) the development of evidence-based concept of development finance in the country on the basis of the economic laws, the study of the economy, the prospects for socio-economic development of society;

2) formulation of strategic and tactical measures of financial policy based on the relevant goals and objectives of economic policy;

3) the practical implementation of the planned actions through the financial mechanism with its reconstruction or correction depending on the radical economic reforms.

Financial policy is closely linked to the financial activities of the state. «The financial activities of the state is the State acting as a whole or its authorized but that bodies to create the money the country's infrastructure and to ensure its proper functioning, as well as the formation, distribution and organization of public purse» [2, page 19].

Now the financial system of Kazakhstan is in comparison with other CIS countries which are the most reformed and developed. Successfully the system of collective guaranteeing (insurance) of deposits of natural persons functions. Systems of mortgage lending and bill refinancing develop. Active work on development of post and savings system is conducted, implementation of the program of transition of banks of the second level to the international standards of activity comes to the end.

Monetary - the credit policy of Kazakhstan is aimed at approach to the international standards and liberalization of the currency mode. The great value is attached to reforming of system of state regulation of the financial market. In the field of development of the banking sector it is necessary to speed up work on introduction in banks of control systems of risks and to improvement of methods of the current supervision, including the consolidated supervision.

---

At present, the National Bank of Kazakhstan prepared conceptual development of the financial sector of the Republic of Kazakhstan, which determines the main activities of financial market participants to meet EU standards from January 1, 2007. As part of this concept is supposed to prepare the transition to the principles of inflation targeting; further liberalization of the foreign exchange regime; establishment of an independent single regulatory body to oversee the financial markets; improvement of methods of ongoing supervision and implementation of corporate governance and risk management in banks, insurance companies, pension funds; the creation of a credit bureau; development of insurance market infrastructure and revitalization of its professional participants (insurance brokers, actuaries and authorized auditors); improving the system of compulsory collective guaranteeing (insurance) of individuals in accordance with international standards; implementation of the National interbank system of payment cards; development of systems of mortgage lending and housing savings; further improving the legal framework regulating the activities of accumulative pension funds.

құқықтық актілердің заңға сәйкес келуін және тек прокуратураға ғана берілген құралдардың көмегімен анықталған құқық бұзушылықтарды жоюға шаралар қабылдайтын қызметтердің ерекше мазмұнымен анықталады.

Прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің басқа нысандарынан, ең алдымен мемлекеттік функцияларды орындауда өзінің тағайындалуымен ерекшеленеді.

Мемлекеттік басқарудың жеке органдары мен сот органдарына жүктелген кейбір қадағалау міндеттері осы қызметтердің бір бөлігін ғана құрайды: мемлекеттік басқару органдары үшін - бұл атқару және бөлу қызметі; сот органдары үшін - сот әділдігі [3]. Прокурорлық биліктің мемлекеттік басқару билік органдарынан және әділ соттан ерекшелендіретін өзінің өзгешелігі бар. Прокуратурада қадағалауды іске асыру кезінде, заңда аталғандарды қоспағанда, басқа органдардың шешімдерін өзінің шешімдерімен ауыстырмайды, құқық бұзушыларға жазалау шараларын қолданбайды, керісінше құзыретті органдардың, лауазымды адамдардың, ұйымдардың заң бұзушылықты жоюын талап етеді. Атап айтқанда, прокурорлық шара қолдану жолымен мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың қызметіне бақылау жасамай, олардың әкімшілік қызметіне араласпай заң бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қолданады. Заңдардың және жарлықтардың дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалаудың субъектісі Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты прокурорлар болып табылады.

Осыған байланысты, прокурорлық қадағалауды заң бұзушылықтарды анықтау және жою үшін шаралар қолдану, кінәлі адамдарды жауапқа тарту, қылмыстық қудалауды іске асыру жолымен заңдардың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды іске асыруды қамтамасыз ететін арнаулы өкілетті адамдардың-прокурорлардың қызметтері мемлекет атынан іске асырылатын мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде сипаттауға болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабындағы 2-тармағына сәйкес республика прокуратурасы төменгі тұрған прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және республика Бас прокурорына бағындыра отырып, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Қазақстан Республикасының Президенті прокуратураға қатысы бойынша жоғарғы мемлекеттік саты болып табылады.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13-бабына сәйкес Президент Парламент Сенатының келісімімен Бас прокурорды бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Осы Конституциялық заңның 19-бабына сәйкес Президент прокуратура органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер береді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті прокуратура органдарын тікелей қалыптастырады және олардың қызметтеріне бақылау жасайды.

Прокуратура органдары төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға қатаң бағындыратын бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын Парламент сенатының келісімімен қызметке бес жыл мерзімге Президент тағайындайтын Бас прокурор басқарады [4]. Бас прокурордың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.

Прокуратура органдары жүйесіне: Бас Прокуратура облыстардың прокуратуралары; республика астанасы мен республикалық маңызы бар қалалардың прокуратуралары; ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар кіреді. Басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ аға көмекшілерін, айрықша

---

тапсырмалар жөніндегі көмекшілерді, аға прокурорлар мен басқармалардың және бөлімдердің прокурорларын қызметке Республиканың Бас прокуроры тағайындайды және қызметінен босатады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы прокурорлық жүйенің жоғары буыны болып табылады және барлық прокуратура органдары мен оның мекемелеріне басшылықты жүзеге асырады. Бас прокурорының Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Бас прокурорының ұсынуымен қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші орынбасары мен орынбасарлары болады [5]. Бас прокуратурада құрамында оның төрағасы болып табылатын Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және мүшелері: Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тағайындайтын бірінші орынбасары және орын-басарлары (лауазым бойынша), басқа да прокурор қызметкерлер болатын Алқа құрылады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құрылымын аға көмекшілер болып табылатын бастықтар басқаратын департаменттер, басқармалар мен бөлімдер құрайды. Қазақстан Республикасының Бас прокурорының ерекше тапсырмалар жөніндегі кеңесшілері мен көмекшілері болады. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры орынбасарларының да ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері болады.

Департаменттерде, басқармаларда және бөлімдерде аға прокурорлар және прокурорлар лауазымы көзделген.

Бөлімшелердің әрқайсысы заңмен белгіленген прокурорлық қадағалаудың бағыттарын ескере отырып, прокурорлық жүйенің функцияларынан туындайтын міндеттерді шешеді және орындайды.

Бас басқарма құқығында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құрылымына бір мезгілде Қазақстан Республикасының Бас прокурорының орынбасары болып табылатын Бас әскери прокурор басқаратын Бас әскери прокуратура кіреді.

Департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ аға көмекшілер, көмекшілер, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілерді, департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорларын республика Бас прокуроры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Бас прокуратура:

1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығармашылық қызметіне қатысады;

---

8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді.

Өз мәні бойынша прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің өзгеше түрі ретінде жалғыз. Бұл Қазақстан Республикасының прокуратурасының барлық жүйесі үшін мақсаттарының бірдей, прокуратура жүйесінің бірыңғай, прокуратура қызметінің құқықтық базасының біртұтас болуына байланысты [6].

Алайда прокурорлық қадағалау процесінің өзінде елеулі өзгешеліктер бар. Бұл өзгешеліктер біртұтас прокурорлық қадағалауды жүзеге асыруда:

- орындалуына қадағалау жүзеге асырылатын заңнаманың ерекшеліктерінен;
- осы заңнаманы орындайтын объектілердің өзгешелігінен;
- прокурорлардың өкілеттіктерінің өзгешелігінен туындайды. Осыған сәйкес

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (4-бап) біртұтас прокурорлық қадағалауды мынадай салаларға бөледі:

- министрліктердің, ведомстволардың, өкілетті және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бақылаушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және өзге де нормативтік актілерді дәл және бірыңғай қолданылуын, сондай-ақ олар шығаратын нормативтік құқықтық актілердің заңнамаға сәйкестігін қадағалау;

- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау;

- жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың заңды қолданылуын қадағалау;

- анықтау және алдын ала тергеу органдарының заңды қолдануын қадағалау;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолдану кезінде қадағалау;

- атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға қатысты заңдардың дұрыс қолданылуын, сот тағайындаған жазаны және мәжбүрлеу сипатында өзге де шараларды орындау кезінде, сондай-ақ азаматтық және өзге істер бойынша сот шешімдерінің орындалуын қадағалау.

Прокурорлық қадағалау салаларынан басқа прокуратура қызметінің басқа да бағыттары бөлінеді:

- қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барасында көрсетілген Заңда белгіленген өкілеттіктерге, сондай-ақ республиканың қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу және өзге де заңнамаларына сәйкес апелляциялық және қадағалау тәртібімен сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді;

- Конституцияға сәйкес (83-бап) Заңда және қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

- қылмысқа қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіреді;

- статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады;

- норма шығармашылық қызметке қатысады, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарын білдіреді.

Сонымен қатар, жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексіне сәйкес прокурор айыпталушыны сотқа тапсыруды жүзеге асырады [7].

Прокурорлық қадағалаудың маңызы ол мемлекет атынан Президент бақылауында іске асырылады, жергілікті органдарға тәуелсіз, тек Қазақстан Республикасының Бас прокурорына ғана бағынышты.

---

Прокурорлық қадағалау республиканың барлық аумақтарында және үкіметке, барлық министрліктер мен ведомстволарға, оларға бағынышты мекемелерге, барлық кәсіпорындарға, меншік нысанына қарамастан атқарушы және бөлу органдарына және лауазымды адамдарға, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен республиканың азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдіктерге қатысты әрекет етеді.

Заңдармен белгіленген тәртіп пен негізде енгізілген прокурорлық қадағалау актілері барлық органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тиісті.

Прокурорлық қадағалаудың маңызы, сондай-ақ біздің қоғамдағы құқық рөлімен анықталады.

Сонымен, прокурорлық қадағалаудың маңыздылығы ол мемлекет атынан Президент бақылауында іске асырылады, жергілікті органдарға тәуелсіз, тек Қазақстан Республикасының Бас прокурорына ғана бағынышты [8].

Прокурорлық қадағалау республиканың барлық аумақтарында және үкіметке, барлық министрліктер мен ведомстволарға, оларға бағынышты мекемелерге, кәсіпорындарға, атқару және бөлу органдарына, сондай-ақ қоғамдық ұйымдарға, лауазымды адамдарға және азаматтарға қатысты әрекет етеді.

Прокурорлар жоғары аталған субъектілердің заңдарды бірыңғай орындауын бақылауға және білінген заң бұзушылықтарды жоюға тиіс.

Прокурорлық қадағалаудың мәні, сондай-ақ біздің қоғамдағы құқықтың рөлімен анықталады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылы 14 желтоқсанда таныстырлығын «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдаған жолдауында ХХІ ғасырдың он жаһандық сын-қатері бөліп көрсетілген [9]. Осы көрсетілген он қауіппен күресте мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру көзделген. Ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртуда реформалар мен жаңа заңнамалық актілер қабылдау жүргізіліп, тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін, жемқорлықпен күресу күшін алдыға қояды. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және Қазақстандық демократияны дамыту басымдығы бойынша құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің реформасын жалғастыруды қажет деп табады. Осыған дейін жасалған өзгерістер арқылы аталмыш органдардың жұмысының құқықтық арқауын жақсартып, функцияларын нақтылап, қызметтің қайталануын жою арқылы қылмыстық саясатты ізгілендіру жүргізілген [10]. Бұл басымдық сол амалдардың жалғасы ретінде мемлекеттікті нығайтудың келесі қадамы деп есептеледі. Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту бағдарламасын қабылдау бұл жолда жасалған маңызды еңбек деп есептеледі. Сондықтан да Қазақстан шаңырағы астындағы ынтымақты, бірлікті және тыныштықты сақтауда құқық пен заңның рөлімен бірге олардың үстемдігі мен орындалуын іске асыруды міндет ететін прокуратура органдарының рөлі жоғары екендігі айтпаса түсінікті.

Сонымен, прокурорлық қадағалау мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Президентінің бақылауында іске асырылады, жергілікті органдардан тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына ғана бағынышты [11]. Прокурорлық қадағалау мемлекеттік барлық аумақтарында және барлық министрліктерге және ведомстволарға, оларға бағынышты мекемелер мен кәсіпорындарға, атқару және бөлу органдарына, қоғамдық ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға қатысты әрекет етеді.

Осы әлеуметтік рөлді орындаудың құқығы көп жағдайда заңның дәл орындалуына байланысты. Заңды іс жүзінде қамтамасыз ету заңдардың қолданылуына және оны бұзғаны немесе орындамағаны үшін жазаға тартуда қатаң қадағалауды іске асыруға байланысты. Осыған орай, прокуратуратәрізді орган құру қоғам мен

---

мемлекетті дамытудағы құқық пен заңдылықтың әлеуметтік рөліне қатысты объективті қажеттілік болып табылады.

Осыған сәйкес, прокурорлық қадағалау - бұл, тек кез келген қол сұғушылық пен заңсыздыққа қарсы ғана емес, сондай-ақ құқықты қамтамасыз ететін қарым-қатынасқа қарсы әрекеттің мықты және сенімді кепілі. Құқықты мемлекет кұрудағы ең маңызды прокурорлық қадағалау заңдарды қолданудағы жоғары қадағалау болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // <http://online.zakon.kz>. (2018.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Парламент. Надзор за законами // Индустриальная Караганда. — — № 106 (20969). — 30 б.
3. Жүрсімбаев С.К. Институт қызметі ілгерілей түсуде. Қазақстан Республикасының прокуратурасы. — Алматы: Өнер, 2002. — 155-б.
4. Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 6 декабря 1991 г. «Об образовании единой системы органов прокуратуры Казахской ССР, обеспечении их самостоятельности и независимости» // Ведомости Верховного Совета Казахской ССР. — 1991. — № 48–50. — 615 б.
5. Постановление Верховного Совета Республики Казахстан от 17 января 1992 г. «О введении в действие закона “О прокуратуре Республики Казахстан» // Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан. — 1992. — № 5. — 163 б.
6. Постановление Президента Республики Казахстан от 12 февраля 1994 г. «Об утверждении Государственной программы правовой реформы в Республике Казахстан» // Собрание актов Президента и Правительства Республики Казахстан. — 1994. — № 8. — 91б.
7. Закон Республики Казахстан от 9 августа 2002 г. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам прокурорского надзора» // <http://online.zakon.kz>.
8. Указ Президента Республики Казахстан от 22 января 2001 г. «О мерах по совершенствованию правоохранительной деятельности в Республике Казахстан» // Казахстанская правда. — 2001// <http://online.zakon.kz>.
9. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты 14 желтоқсан 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана // ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПҰАЖ. — 2014.
10. Котов, А. К. Конституционное предназначение прокуратуры / А. К. Котов, А. А. Котов // Правовая реформа в Казахстане. — 2004. — № 4. — 3–8 б.
11. Закон Республики Казахстан от 21 мая 2007 г. «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» // Казахстанская правда. — 2007 // <http://online.zakon.kz>.

#### **Резюме**

В статье говорится о роли прокуратуры в гармонизации правоохранительной системы в Республике Казахстан. Мы раскрыли роль прокуратуры в формировании правоохранительной системы. Мы должны постоянно совершенствовать правоохранительную систему Республики Казахстан и превратить ее в системный и эффективный механизм защиты прав граждан. В статье освещено, насколько продвинулась правовая система.

---

## Summary

The article refers to the role of the Prosecutor's office in the harmonization of the law enforcement system in the Republic of Kazakhstan. We have revealed the role of the Prosecutor's office in the formation of the law enforcement system. We must constantly improve the law enforcement system of the Republic of Kazakhstan and turn it into a systematic and effective mechanism for protecting the rights of citizens. The article highlights how the legal system has advanced.

ӘОЖ.342

Маукебеков А.Т.  
Сулейман Демирел Университеті  
2-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі:  
з.ғ.к., ассоц. профессор  
Адилова К.А.

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада қарастырылатын мәселелер: Қазақстан Республикасында құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің деңгейін көтеру жолдары қарастырылады соның ішінде ата-ананың балаға деген міндеттіліктері, жеке адамның құқықтық мәдениеті мен білім деңгейінің әртүрлі болуына байланысты ата-аналардың құқықтық сауаттылықтарын ашу және де құқықтық мемлекетте өмір сүріп жатқан әр азамат өзінің құқықтық санасының деңгейін өзі көтеруге тырысса, заң саласында өзгерістер ұшыраған жағдайда әр адам өз құқықтары тарапынан өзгеріп жатқан заңдарға жаймен емес аса көңілмен қарап қызығушылықтар танытса деген ұсыныс айтқым келеді.

**Кілт сөздері:** мемлекет, қоғам, құқықтық мәдениет, құқықтық сана, жеке құқықтық сана, топтық құқықтық сана.

Адам тарихи қалыптасқан іс-әрекеттер, дағды мен тәсілдерді игеріп, әсіресе тілді игеру нәтижесінде айналадағы заттар мен құбылыстардың объективті заңдылықтары мен қасиеттерін танып біледі. Адам айналадағы дүниеге өзін қарама қарсы қойып белгілі мақсатта іс-әрекетпен шұғылданғанда сол объективті шындық туралы өзінің білетін түсінігі мен біліміне сүйенеді. Бүкіл адамзат тарихының барысында қалыптасып жиналған рухани қазына, мәдениет, мораль, дін, қоғамдық психология, өнер, құрал-жабдық адамның шығармашылығынан туып, оның қолымен жасалған бүкіл заттық дүние түгелімен адамзаттың қоғамдық санасы болып табылады. Сана тарихи тәжірбиені, білім мен ойлау тәсілдерін бойына сіңіріп, шындықты, рухани идеалды игеріп, алда тұрған мақсат міндеттерді белгілеп, адамзат қоғамының бүкіл практикалық іс әрекетін бағыттайды. Адамдар өзінің шығармашылық ойларын жүзеге асырып, табиғатты, қоғамды дамытумен бірге, өздерін де жетілдіреді. Рухани өмірдің құбылысы ретінде құқық қоғамдық және индивидуалдық сана сфераларына бөлінеді.

Қоғамдық сана-объективті дүние мен қоғамдық болмыстың адам санасында бейнеленуі. Қоғамдық сана адамның тәжірибелік іс-әрекеттерінен байқалады. Сана қоғамның рухани мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Қоғамдық сананың түрлері-саясат, құқық, философия, мораль, дін қоғамдық болмысты бейнелей отырып,



---

оған белсенді ықпал етеді. Қоғамдық сананың түрлерінің әрқайсысының өз объектісі мен бейнелеу тәсілі болуына қарамастан, болмыс пен адам санасына өзіндік әсерін тигізеді. Идеологияның саяси құқықтық нысандары қоғамның экономикалық қатынасын саяси және құқықтық тілде, ал өнеркөркемдік образдармен, мораль-адамдардың мінез құлқының белгілі қағидалары мен ережелері түрінде бейнелейді.

Құқық теориясында құқықтық сана өзара байланысты 3 міндетке: танымдық, бағалаушылық, реттеушілік міндеттерге бөлінеді [1,34 б.]. Танымдық міндет құқықтық шындық құбылыстарын субъектінің құқықтағы мәнділігі мен тиістілігі туралы түсініктері тұрғысынан ой елегінен өткізуден тұрады. Бағалаушылық міндет құқықтық шындық құбылыстарын ұқсастыруда, оларды реттеудің нақты ережелерімен сәйкестендіруде болып табылады.

Құқықтық сананы иеленушіге байланысты құқықтық сананың жеке, топтық (ұжымдық) және қоғамдық құқықтық сана түрлері туралы айтуға болады.

Жеке құқықтық сана адам күнделікті қатысатын алуан-түрлі әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың ықпалымен, сондай-ақ өзінің психикалық-физиологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасады. Жеке адамның мәдениеті мен білімі деңгейінің әртүрлі болуы, адамдардың әлеуметтік жағдайы мен қабілетінің бірдей болмауы жеке құқықтық сана деңгейінің әртүрлі болуына себепші болады. Құқықтық сана деңгейін көтеру үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқына нысаналы идеологиялық ықпал жасаудың, азаматарға құқықтық тәрбие берудің де маңызы аз емес.

Топтық құқықтық сана тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. Құқықтық құндылықтар әрбір топта бірдей танылмайды. Олардың ішінде топтық құқықтық сана заңдылық пен әділеттік идеяларын мүлде құрметтемейтіндерінде топтық құқықтық сананың әлеуметсізденуі, қоғамда бар құқықтық идеологиядан шеттеу, құқықтық нигилизмнің ескі түрін консервациялау, тіпті криминогендік жағдайлардың қалыптасуы мүмкін. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. көзқарасы бойынша, құқықтық сананы қоғамдық сананың жеке бір саласы дей келе, оған мынадай анықтама береді: «Құқықтық сана дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі» [2, 127 б.]. Бес бейне, яғни, құқықтық болмыс жөнінде білімдер, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру тәжірибе, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді деп есептейді. Басқаша айтқанда, құқықтық сана дегеніміз – адамдардың, әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар және олардың тілек-ықыластарына сай келетін құқыққа қатыстылықтарын білдіретін көзқарастарының, идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы деп қорытындылайды .

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық, т.б. мәдениет жүйе салалары. [3, 95 б.] Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады.

Мәдениет өзінің даму процесінде қоғамның рухани байлығын, халықтың сана сезімін дамытып, жоғары дәрежеге жеткізеді. Құқықта өз кезегінде мәдениетті қорғап, реттеп отырады. Осыдан келіп, құқықтық мәдениет қалыптасады. Ол өзара байланысты элементтер арқылы көрініс табады:

- 
- қоғамдағы құқықтық сананың жағдайы, құқықты түсінудің деңгейі, заңдылықтың талаптарын орындау қажеттігін түсіну;
  - заңдылықты сақтау;
  - заң шығарудың ерекшелігі, оның мазмұны мен нысанына көңіл бөлу;
  - сот, прокуратура және де басқа құқық қорғау органдарының жұмыс атқару сипаты.

Мемлекет және құқық теориясы қоғамдағы сана-сезімнің объективтік даму процесіне сәйкес құқық саналығының маңызын дамытып, нығайтып отырады. Құқықтық сана-сезімнің мазмұны төрт жүйедегі қарым-қатынастарды қамтиды: қоғамдағы нормативтік актілердің дамуы, жаңару, орындалу, қорғау процесін, оған халықтың сана-сезімінің әскерін, көзқарасын, іс-әрекетін біріктіреді.

И.А. Ильин «құқық - сана тілі бойынша сөйлейді және саналы тірі жандарға қарай бағытталған» деп айтқан [4, 7 б.]. Адамның санасында объективті шынайылық бейнесі көрініс табады, демек сана да құқықтық категориядағы білім, түсінік, құқықтық тәжірибе, әрекет етіп тұрған қатынастарда көрінетін объективті белгілерге ие. «Құқықтық мәдениет» заң категориясы ретінде күрделі табиғатқа ие және бұл түсінікті анықтау әлі күнге дейін ашық күйінде қалып отыр. Ғылыми әдебиеттерде құқықтық мәдениет, бастапқы, жалпы мазмұндағы мәдениеттің бір бөлігі деп қарастырылады. Өз уақытында, біздің практика жие-жие әрбір экономикалық, құқықтық, техникалық шешімдер, әрбір концепцияны, өзіндік түрдегі гуманистикалық экспертиз түрде әрбір заңи акт жобасын іске асыруды талап етеді, олардың кең өмірлік мағынасын және бағыттаушылығын айқындайды. Егер олар адам үшін жұмыс істемесе, онда олар өмір сүру құқығына ие болмайды. ХХ ғасырда пайда болған әлеуметтік нигилизмнің кеңейген сипаты белгілі бір нақты орыс қоғамында 1909 ж. “Вехи” атты атақты жинақты көрінген. Оның авторларының бірі, яғни С.А. Франк айрықша пафоспен, біздің интелегенциямыздың ақылды көңіл-күйін анықтау бір сөзбен – морализм деп қарастырды: “Орыс интелегенциясы ешқандай нақты құндылықтарды, критерилерді, ешқандай өмірдегі бағдарды және т.б. шектеулерді білмейді. Ол тек адамдардың моральды шектеулерін қарастырады. Ал, ол шектеулер жақсы және жаман, мейрімді және қатал түрде болады. Морализм – бұл нигилизмнің тек көрінісі ретінде табылады. Нигилизмді мен нақты құндылықтарды мойындамау немесе жоққа шығару деп түсінемін”, - дейді [6]. Бұл жерде айтып өтетінім заман дамыған сайын әр түрлі заңдар жаңашылдыққа қарай өзгеріп отырады. Құқықтық мемлекетте Заң бастапқыдан ақ адамдардың құқықтыры мен бостандықтарын қорғау үшін әр адамға міндеттіліктер мен белгілі бір шектеулер қояды.

Мәдениетті қарастырудағы жеке жоспар, біздің көзқарасымызға, құқықтық мәдениеттің негізгі бағыттарын заңды шарттады, құқықтық мәдениеттің жеке проблемаларын зерттеуді ынталандырды. Мәнісінде, құқықтық мәдениетке арналған барлық жұмыс жеке проблематиканы қозғады.

“Құқық рухани құндылықтар, діни қасиеттер және т.б. ғылыми шындықтар секілді рухани шындықтар қатарында тұра алмайды. Оның мағынасы одан да нақты болып келеді”.[5, 7 б.] Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қоғамда балалардың қадағалаусыз жүруінің алдын алу жөніндегі құқықтық актілерді қалыптастыру жұмысы үнемі жаңартылып тұрады. Яғни «Неке және отбасы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы» заңдар, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде жан-жақты негізделіп ашып көрсетілген. Қазіргі уақытта ата-ана кәмелетке

---

толмаған балаларға құқықтық түсініктер жүргізбейтін болғандықтан көптеген қылмыстар 16-17 жастағы балалардан шығып отыр. Қарапайым мысал ретінде кейде ата-аналар балалары тәрбиеленіп отырған мектепке жібермеу секілді жағдайлардан байқау қазіргі уақытта таңғалатын жағдай емес. Тіпті біздің Конституцияда ата-аналарға түсіндіретін келесі нормалар да бар. Мысалы, 30-баптың, 1-тармағындағы «Орта білім алу міндетті» десек онда, міндеттілік ол жауапкершілікті жүктейді. Яғни, Конституциядағы және басқа да заңдардағы міндеттер туралы нормалар орындалуға жатады. Міндет орындалмаса, бұзылса немесе оны орындауға кедергі келтірсе, жауапкершілікке соқтырады. Құқықтық мәдениеттің негізгі міндетін И.Е. Фербер қоғамның барлық мүшелерін анықталған қатынасқа, өзінің міндеттеріне, құқықтарына, заңдылықты сақтауға дайындау деп біледі [9, 114 б.]. Автор оларға қалыптасып жатқан жүріс-тұрыс ниеттерімен орнатылымдарды жатқыза отырып: «Құқықтық мәдениет – адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын сыйлау, «шені» мен «атағына» қарамастан, адамдардың өзара қарым-қатынасындағы табандылық және батылдылықпен ұштасып отыратын әдептілік пен орындылық». В.М. Сырых құқықтық мәдениет түсінігін «заңдылықты, адамдар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігін қамтамасыз ететін құқықтық тәртіпті» қамтиды [10, 143 б.]. Отбасы-шағын мемлекет. Отбасы- ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс-шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуы. Құқықтық тәрбиеге келсек: Құқықтық тәрбие – бұл құқықтық білім беру – адамның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында орындалатын құқықтық тәрбиенің негізгі ықпал етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру- құқықтық сананың негізгі белгілері. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады. Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: қоғамдық тәртіпті; заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т.б.

Құқықтық сана қай жағынан болмасын анықталса да ол, құқықтық санаға тән белгілерге, сондай-ақ жалпылай өзгешеліктерге ие, қоғамдық сананың бір нысаны ретінде қарастырылады. Бірінші кезекте, құқықтық сананы психикалық іс-әрекеттің нысаны мен салдары, яғни нәтижесі ретінде қарастыру керек. Кез-келген құқықтық нормалар азамат санасына бағытталған. И.А. Ильин «құқық - сана тілі бойынша сөйлейді және саналы тірі жандарға қарай бағытталған» деп айтқан [7, 7 б.]. Адамның санасында объективті шынайылық бейнесі көрініс табады, демек сана да құқықтық категориядағы білім, түсінік, құқықтық тәжірибе, әрекет етіп тұрған қатынастарда көрінетін объективті белгілерге ие. «Құқықтық мәдениет» заң категориясы ретінде күрделі табиғатқа ие және бұл түсінікті анықтау әлі күнге дейін ашық күйінде қалып отыр. Ғылыми әдебиеттерде құқықтық мәдениет, бастапқы, жалпы мазмұндағы мәдениеттің бір бөлігі деп қарастырылады.

Иванников И.А. пікірі бойынша, құқықтық мәдениет – «жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып, құқықтық өсиеттерден, рәміз, нормалардан көрініс табатын, адамдардың мемлекеттік-құқықтық қатынас саласындағы қызметтер нәтижесі және осы

---

құбылыстар мен өмірсүруде рухани азықтарды, олардың субъектілерінің заңды маңызы бар мінез-құлыққа әсерін бағалау» [8, 66 б.]. Өзіміздің қазақ ұлтының тарихына көз жүгіртетін болсақ қазақ халқы бала тәрбиені үш-ақ сөзбен жүргізген олар: «Ұят болады», «Жаман болады», «Обал болады» бұл тыйымдарда: Ұят болады дегені – өлімнен ұят күшті, ұятты істі істеме дегені; жаным арымның садағасы дегені еді; жаман болады дегені – жақсы сөз жарым ырыс, жамандықтан аулақ жүр дегені; жақсының шарапаты, жаманның кесапаты тиеді деген еді; обал болады дегені – әр нәрсенің сұрауы бар, саған түкке тұрғысыз болған бір нәрсе басқа біреуге өте қымбат болуы мүмкін дегені, ешкімге көлеңке түспесін дегені еді. Шын мәнінде бала тәрбиесінде осы үш-сөзбен ақ баланы жақсы жаққа ұмтылуға, жаман нәрседен алшақ болуға, үлкенге құрмет, кішіге-ізеттілік, білімге құштар жандар шығаруға болады деп есептеймін.

Тақырыпты қорытындылай келе мына жағдайларға ерекше тоқталғым келеді. Отандық мемлекеттіліктің жаңа даму сатысы: құқықтық тәрбие нысанының әдеттегі қалыптасқан салттарының өзгеруін талап етеді. Алайда бұрынғы қалыптасқан ережелерді жаңа талаптарға сай етіп өзгерту де жаңа құқықтық тәрбиенің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Қылмыстылықтың өршімеуін, азаматтардың әлеуметтік қорғалуының деңгейі көтеріле бастаған кезде азаматтарға құқықтарын түсіндіру, олардың мүмкіндіктерін айқындаудың маңызы өте зор.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Байниязов Р.С. Құқықтық санадағы теориялық мәселелер. - Саратов, 2001,
- 2 Сапарғалиев Ғ.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Астана, Фолиант; 2007, - 127.б.
- 3 Сырых В.М. Мемлекет және құқық теориясы: Оқу құралы. - 5-ші жазба, М. 2006,
- 4 Иванников И.А. Ресейдегі мемлекеттік билік: гуманизация проблемалары. – Ростов. 2006, - С 66
- 5 А.В.Малько, Н.И.Матузов. “Теория государства и права” Москва-2003 ж. 690 бет.
- 6 А.В.Малько, Н.И.Матузов. “Теория государства и права” Москва-2003 ж. 684-бет.
- 7 Тапчанян Н.М. Заманауи Ресей жағдайында адамның құқықтық мәдениеті және құқықтық санасы. Дерек...з.ғ.к. –М., 1999
- 8 Иванников И.А. Ресейдегі мемлекеттік билік: гуманизация проблемалары. – Ростов. 2006, - С 66
- 9 Фарбер И.Е. Әділет әлеуметтік сананың нысаны ретінде. –М., 1963,
- 10 Сырых В.М. Мемлекет және құқық теориясы: Оқу құралы. - 5-ші жазба, М. 2006

#### **Резюме**

Вопросы, обсуждаемые в данной статье: пути повышения уровня правосознания и правовой культуры в Республике Казахстан, в том числе права родителей на ребенка, правовая культура личности и раскрытие правовой грамотности родителей, а также каждого гражданина, проживающего в правовом государстве. Я хотел бы предложить, чтобы каждый гражданин смог повысить свой уровень правосознания, чтобы все были заинтересованы в новых законах, которые меняются в их правах.

---

## Summary

Issues discussed in this article: ways to increase the level of legal awareness and legal culture in the Republic of Kazakhstan, including parents 'rights to a child, legal personality culture and disclosure of parents' legal literacy, as well as every citizen living in a state of law. I would like to suggest that every citizen could raise their level of legal awareness, so that everyone would be interested in laws that change their rights.

УДК:342.511(574)

**Мохаммад Юз Алеф М.,  
магистрант  
Университета им.  
Сулеймана Демиреля,  
Научный руководитель:  
д.ю.н. Айтхожин К.К.**

## **КОНСТИТУЦИОННЫЙ СТАТУС ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПОНЯТИЕ И СОДЕРЖАНИЕ**

В системе институтов власти важное место занимает Президент Республики Казахстан, т.к. Конституция возлагает на него задачу обеспечения единства государственной власти, осуществляемые законодательными, исполнительными и судебными органами. Роль и место Президента в механизме государственного управления основывается на признаках его конституционно-правового статуса как высшего должностного лица. Невозможно умалять значимость данного института, это объясняется широтой его компетенции, во многом совпадающей с публичными функциями государства. Президент Республики является единоличным государственным органом, т.к. в его статусе одновременно присутствуют признаки должностного лица и государственного органа. Так, исходя из принципиальной значимости конституционного статуса главы государства, рассмотрим его понятие и содержание.

**Ключевые слова:** конституционное право, конституционный статус президента, Президент Республики Казахстан.

Большинство норм Конституции Республики Казахстан 1995 г. связано с регламентацией сущностных начал предназначения и отправления государственной власти, ее несущих конструкций в виде принципа единства государственной власти и разделения властей, порядка легитимации государственных органов, их компетенции, прекращения полномочий, включая возможность применения мер ответственности. Далеко не каждый государственный орган удостоивается конституционного закрепления всех (или хотя бы основных) своих характеристик. Одни органы лишь поименованы в Конституции, другим - посвящены единичные статьи, закрепляющие самые общие начала статуса государственного органа.

И только высшие органы государства, исходя из непосредственной связи с народным суверенитетом, участия в выработке программных установок для всего общества, а также персонального пребывания в координатах принципа единства и разделенности государственной власти и участия в механизме сдержек и противовесов, удостоиваются детального регулирования многообразных

---

институциональных и функциональных сторон организации и деятельности. В первую очередь, и в наиболее полной мере сказанное относится и к Президенту Республики в силу его особой миссии в государстве Республика Казахстан и политической системе страны.

В конституционном праве наиболее распространенным нормативным структурным подразделением является конституционно-правовой статус государственных органов и должностных лиц. В этой связи в правовой литературе уделяется важное значение соотношению родственных понятий «институт» и «статус», находящихся в состоянии очевидной близости и взаимообусловленности. Так, понятие «институт» имеет строго нормативную направленность. Поэтому институт всегда формален. Понятие «статус» же охватывает не только формализованное право, но и самые разнообразные конституционно-правовые отношения, складывающиеся в связи и по поводу конкретного предмета регулирования. «Таким образом, - заключает Н.А. Богданова, - конституционно-правовой статус - более емкое структурное образование конституционного права как отрасли... Институты же выступают своего рода нормативными характеристиками субъектов конституционно – правовых отношений, раскрывают в различных аспектах их правовое положение, играют обслуживающую роль по отношению к статусу» [1, с.67].

О роли конституционного статуса как первооснове государственных органов высказывался и видный советский (российский) юрист Б.Н. Габричидзе: «конституционный статус является предпосылкой динамичности правового статуса, которая находит отражение главным образом в актах текущего законодательства» [2, с.11]. С помощью термина «конституционный статус» обобщается вся совокупность элементов конституционного регулирования положения государственных органов. При этом содержание конституционного статуса значительно уже правового статуса. Конституционный статус характеризуется стабильностью. Конституция регулирует наиболее фундаментальные, устойчивые характеристики государственного органа, закладывая при этом ресурс его динамичного развития.

Если взять за первооснову содержательную сторону политико-правового явления, тогда конституционный статус Президента Республики по своему потенциалу и возможностям развития в актах конституционно-правового и отраслевого законодательства является стратегически-определяющим, в концентрированном виде вобравшим в себя главные всесторонние характеристики президентуры. Если исходить из формально-юридического подхода, то конечно же, этот конституционно-правовой институт является и более объемным, и более детально раскрывающим как бы скрытые в глубине от поверхностного взгляда «дремлющие» потенциалы статуса.

Специальный конституционный правовой статус Президента Республики Казахстан закрепляется в нормах, объединенных главным образом в разделе III Конституции. Так, конституционный статус Президента Республики включает закрепленные непосредственно в Республики Казахстан 1995 г.: характеристику главы государства и высшего должностного лица; порядок возникновения и прекращения действия его всеобъемлющего мандата; рамки и характер взаимоотношений с другими высшими государственными органами; функции и компетенцию (укрупненные или конкретизированные права и обязанности в тех или иных сферах общественной жизни); нормативную характеристику актов; гарантии обеспечения деятельности и личной неприкосновенности; конституционно-правовую ответственность. Объединенные в выделенные группы, регламентированные в конституционно-

---

правовых нормах, составляют части нормативно-правового института Президента Республики Казахстан.

Практически в каждой из групп можно обнаружить нормы, связанные с регламентацией тех или иных сторон конституционно-правового статуса и института Президента Республики. Так, по предметному основанию значительное количество норм Конституции и иных источников имеет самое непосредственное отношение к регулированию общих начал (адресованных к государству, государственной власти, всем государственным органам) - «общему статусу» и посвященных именно Президенту Республики – «специальному статусу», по особенностям выполняемой роли (назначению) в механизме конституционного регулирования - «материальные» - большинство статутных норм и «процессуальных» - о процедурах реализации отдельных полномочий, о привлечении Главы государства к конституционно-правовой ответственности; конституционного строя либо общих положений и конкретные предписания в отношении выборов Главы государства и т.д. [3, с.34].

Содержание и характер конкретной правовой нормы, посвященной статусу Президента, имеет большое значение, поскольку в конечном итоге определяет ее позицию в иерархическом и предметном местоположении в сложнейшем переплетении конституционно-правовых инструментов. Отдельные конституционные нормы (закрепляющие президентскую форму правления) вообще не подлежат пересмотру. Корректировка других норм Основного закона (компетенционных и процессуальных) может существенно повлиять на распределение власти в системе высших государственных органов, нарушить гарантии конституционных прав и свобод человека и гражданина [4, с.135].

Таким образом, в предмете конституционного права Республики Казахстан отношения, составляющие конституционный статус Президента страны, занимают одну из самых крупных ниш. Такой весомый статус диктуется особой ролью Главы государства в конституционно-правовых властеотношениях с позиций народного и государственного суверенитетов, формы правления, принципа единства государственной власти и разделения властей.

По своему социально-политическому потенциалу конституционный правовой статус Президента Республики Казахстан значительно богаче конституционно-правового института Республики, представляющего собой формально юридическое оформление и развитие конституционных начал. В интересах дальнейшего совершенствования конституционно-правового института Президента Республики представляется актуальным поддерживать необходимые пропорции и соответствие между различными уровнями правового регулирования статуса Главы государства.

#### **Список литературы:**

- 1 Богданова Н.А. Система науки конституционного права. - М.: «Юристъ», 2001. – 164 с.
- 2 Габричидзе Б.Н. Конституционный статус органов Советского государства. – М.: Юрид. лит, 1982. – 286 с.
- 3 Жакаева Л.С. Процессуальные формы в конституционном праве Казахстана. – М., 2008. – 216 с.
- 4 Малиновский В.А. ЛИДЕР: президентская власть в Казахстане на рубеже веков: Астана: «Издательство «Норма-К», 2012. – 528 с.

#### **Түйіндеме**

Қазақстан Республикасы Президентінің билік институттары жүйесіндегі ерекше жағдайы, ең алдымен, Конституция оған заңнамалық, атқарушы және сот

---

органдары жүзеге асыратын мемлекеттік биліктің бірлігін қамтамасыз ету міндетін жүктейді. Президенттің мемлекеттік басқару тетігіндегі рөлі мен орны оның жоғары лауазымды тұлға ретіндегі конституциялық-құқықтық мәртебесінің белгілеріне негізделеді. ҚР Президенті жеке-дара мемлекеттік орган болып табылады, себебі оның мәртебесінде бір уақытта лауазымды тұлғаның және мемлекеттік органның белгілері бар. Сонымен, мемлекет басшысының конституциялық мәртебесінің принципті маңыздылығына сүйене отырып, оның түсінігі мен мазмұнын қарастырамыз.

### **Summary**

The special position of the President of the Republic of Kazakhstan in the system of institutions of power, primarily in the fact that the Constitution entrusts him with the task of ensuring the unity of state power, carried out by the legislative, Executive and judicial bodies. The role and place of the President in the mechanism of public administration is based on the signs of his constitutional and legal status as the highest official. The President of the Republic of Kazakhstan is the sole state body, since its status simultaneously contains signs of a state body and government agency. So, based on the fundamental importance of the constitutional status of the head of state, we should consider its concept and content.

ОӘЖ: 343.97

**Мукашева А.Т.  
Д.А.Қонаев атындағы  
Еуразиялық заң академиясының  
магистранты  
Ғылыми жетекші:  
З.Ғ.Д., профессор  
Г.А.Қуаналиева**

### **ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУДІҢ ӘЛЕМДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада терроризммен күресудің әлемдік мәселелері зерделенген. Әлемде террористік күш қолданудың негізгі себептері қарастырылған. Терроризм күн сайын қуаты асып, бүкіл әлемге қауіп төндіріп отырған күш. Соңғы ширек ғасырдан бері оның өрісі халықаралық деңгейге өсті. Мысалы, 1980 жылы әлемде 500 террористік акт жасалса, соңғы бір жылда 16 мың рет террористік шабуыл болды. Қасақана ойластырылатын қастандық миллиондаған адамның өліміне себепші болды. Халықаралық терроризмнің қаупі трансұлттық антитеррористік ұйымдардың құрылуы мен ұлттық қауіпсіздік қызметтерінің бірігуіне итермеледі. Бүгінде көптеген елдер ортақ жауды жою мақсатында жұмыла әрекет етуге кіріскен.

#### **Кілт сөздер:**

Қазіргі кезде терроризммен күресу мәселесі қоғамда ерекше өзекті мәселеге айналды. Терроризм қазіргі заманның ең қауіпті, қиын болжанушы құбылыстар қатарына жатады, ол ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан қоғамның барлық топтарын қамтиды. Террорлық әрекеттер адамзаттың жаппай қырылуына және бүлінушілікке, мемлекеттер арасында жауластыққа алып келіп, соғыстарға итермелейді.



---

Жалпы ұлттық қауіпсіздік үшін елеулі қатерлердің бірі терроризм мен оның көріністері болып табылады. Бұл көріністер қорқынышты әрі орны толмас болып саналады, соған орай адамзат қоғамының маңызды міндеттерінің бірі осы бағыттағы халықаралық күштерді жұмылдыру, алдын алу шараларын жүзеге асыру болып табылады.

Соңғы жылдары Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Ресейдедегі, сонымен қатар АҚШ-тағы белгілі оқиғалар мемлекет тарапынан шапшаң әрекеттерді жүзеге асыруды қажет етеді, террорлық әрекеттерді болдыртпау үшін барлық амалдарды мобилизациялауға шақырады. «Қазақстан 2050» даму стратегиясында бұл туралы былай деп айтылған, «біздің жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды роль атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдаймыз» [1, 45 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы 29 қыркүйекте өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 70- сессиясында: «Терроризм мен діни экстремизмнің қауіп жаһандық ауқымға айналып барады. БҰҰ-ның қолдауымен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құруды ұсынамын» деп нақты және ұтымды бастамасымен әлемді тыңдатқан болатын.

Терроризм – бүгінгі әлемді ойландыратын ең үлкен мәселелердің бірі. Террорлық шабуылдардың салдарынан күн сайын жүздеген, тіпті, мыңдаған адам зардап шегіп жатыр. Оның алдын алу немесе жою әлемдегі барлық елдің күн тәртібінде тұр. Әлемдегі әлеуметтану, психоанализдік және теологиялық институттары террористік идеологияның дамуы мен адамдарды террористік акт жасауға итермелейтін себептерді анықтауға тырысып келеді. Әлеуметтанушы ғалымдардың пайымдауынша, көбіне үкіметтік құрылымы мен билігі нашар, этномәдени және діни осалдықтары бар қоғамға ие мемлекеттерде террористік шабуылдар жиі орын алады. Террористердің заманауи технологияларды байланысу мақсатында пайдалануы және интернеттің идеологияны дәріптеуші құралға айналдыруы халықаралық терроризмнің өршуі алып келді.

Терроризмнің басты аспектісі – күш көрсету, зорлау, қорқытып-үркіту. «Террор» сөзі латынның «terror», яғни «қорқыныш, үрей» деген ұғымды беретін сөзінен шыққан. Террор сөзінің қолданысы сан алуан болғандықтан, оған нақты стандартты түсіндірме жоқ [2, 7 б.].

Бланки, Мост, Гейнцген және Бакуинин сынды терроризм идеологиясын зерттеген ғалымдар адам баласы әділ қоғам құруда күш көрсетуді пайдалануға бейім екенін айтады. Терроризмнің бастау алған уақытына қатысты ғалымдар әр түрлі ойға ие. Себебі қазіргі қоғамда қолданыстағы терминмен белгілі бір тарихи оқиғаны суреттеу дұрыс емес. Біреулер саяси астары бар қастандықты терроризм деп, оның тарихын біздің заманымызға дейінгі уақытқа ысырып жіберсе, тағы біреуі терроризмді ислам өркениетімен бір уақытта қалыптасқанына меңзейді. Мысалы, ғалымдар Александр Макендонскийдің әкесі Филип те, Рим императоры Юлий Цезарь де теракт құрбаны болған деседі. Ал терроризмді тек ислам діні мен ислам дінін уағыздаушы азаматтармен байланыстыратын ғалымдар жоғары айтылған оймен келісе қоймайды. Себебі олардың пайымында діни экстремизм мен терроризм бір ұғым [3,12-13 б.]

Терроризм 30-40 жыл бұрын әлемге қауіп төндіре бастағанымен, ол ертеректен бастау алған. Заманауи терроризм теориясының негізін салушы, неміс публицисті Карл Гейнцген саяси билікке талас кезіндегі адам өліміне моралды тұрғыдан шектеу қоймауды жақтаған. Нақты айтқанда, Карл монархиялық билікке қарсы, радикалды көзқарастағы белсенділердің бірі болғандықтан, ол билікке келуші топ немесе тұлғаның қарсыластарын өлтіргені үшін ақталуы қажет емес екенін үгіттеген.

---

Мысалы, ол 1849 жылы жазған «Адам өлтіру» атты мақаласында билік басындағы монархтың өз жауларын өлтіруіне қатысты ескі пайымдарды жоққа шығаратын тезистерді ұсынды. Карл Гейнцен Ницше мен Гитлерге дәуіріне дейін «жарты континенті басып алып, теңіз боп аққан қанды төгуімізге тура келсе де ... ожданымыз қиналмайды» деген болатын. Неміс публицисінің «бомба философиясы» төңірегіндегі еңбектерін зерттесек, оның басты идеясы жою, қираты болғанын көреміз. Карл Гейнцен ол үшін кез келген нарсені құрал ретінде пайдалануға болатынын да жазады [4, 4.].

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйенсек, халықаралық терроризм ертеден дамып келе жатқан қылмыс түрі екенін байқаймыз. Әсіресе, 2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Бүкіләлемдік Сауда Орталығына жасалған лаңкестік шабуыл террористік ұйымдардың адам өміріне айтарлықтай қауіп төндіре алатынын, тіпті дүние жүзін жойып жіберуге де қауқару болуы мүмкін екенін айқындай түсті. Осы кезден бастап, террористік ұйымдар өздерін әлемге жариялап, ашық түрде соғысуды бастады. Дәл осы террористік шабуылдан кейін террористік акт бір тұлғаға емес, бір топ адамға қастандық жасау белгісімен түсіндіріле бастады. ХХІ ғасырдың басынан бастап, АҚШ, Англия, Ресей, Франция сынды әлемнің алпауыт дамыған елдері халықаралық террористік ұйымдарға қарсы күресуге біріге бастады. Террористердің негізгі күштерінің ислам діні кеңінен тараған өңірлерде шоғырлануы да Ирак, Иран, Сирия, Ауғанстан және Пәкістан сынды елдердің саяси билігі мен қауіпсіздігінің нашарлауына алып келді. Өкінішке орай, терроризмді ислам дінімен байланыстырмауға тырысқанымызбен, террористік шабуылдардың басым бөлігі исламистер тарапынан ұйымдастырылып жатыр. Бірақ бұл терроризмнің ислам діні арқылы тарап жатқанын білдірмейді. Мұнда діни идеологияның құрал ретінде пайдаланылып жатқанын айта кеткен жөн.

Бүгінгі әлемде террористік күш қолданудың негізгі себептері:

- әл-ауқаты нашар халықтың ел билігіне наразы болуы және оған қарсы күш құруға тырысуы, радикалды көзқарастардың насихатталуы;
- қоғамдағы әділетсіз құрылым мен адам құқықтарының тапталуы, заң бәріне бірдей болмауы;
- дінаралық түсініспеушіліктердің бір жақты қарап, бір-біріне қас ету. Оларды кек алу деңгейіне дейін жек көруіне үгіттеу;
- өзге дін өкілдеріне деген өшпенділіктің күшеюі, олардың барлығын бір дінге үгіттеу, көнбегендерді өлтіруге дейін баруға үгіттеуі;
- қоғамдағы түсініспеушіліктер мен бір-біріне қас топтардың соғысы өзге бір топқа тиімді болуы;
- нәсілдік әрі діни түсініспеушіліктің өшпенділікке ауып, ашық соғысқа айналғанда, белгілі бір топтарды қару-жарақпен қамтамасыз етуді бизнеске айналдыру [5, 1 б.].

Қазіргі террористік ұйымдардың елдердің ресми территориясы мен олардың суверенді құқықтарына қарамай, аймақтарын басып алуға тырысып жатыр. Осылай олар аймақтық билікке, шикізат көзі мен тұтыну нарығына қол жеткізіп отыр. Ал жаулап алынған аймақтағы халықтың ұлттық идеологиясы мен мәдени нанымдары террористердің насихатына ілесуі халықаралық терроризмнің негізгі әдістерінің біріне айналып үлгерген. Террористердің күші мен саны осылай артып келеді.

Лаңкестікпен күрес мәселесін шешу барлық деңгейдегі мемлекетаралық өзара әрекеттестікті талап ететінін есепке ала отырып, республикамызбен осы салада бірқатар халықаралық және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қойылды. Бұл іс-әрекеттерге қарсы күрес мемлекеттік жоғары деңгейде қолға алынып, сақтықпен қырағылық шаралары көбінесе осындай сойқанның алдын-алу шараларын

---

жұмылдыруда. Бұл күрестен біздің еліміз де шет қала алмайды. Елбасымыз қашанда халықтар бірлігі мен ынтымақтастығында, достығында айтуында екенін еш жалықпаған. Мемлекет ішіндегі саяси-әлеуметтік тыныштық пен тұрақтылықтың шынайы көрінісі де – елімізді мекендеп жатқан барша халықтың – ұлт пен ұлыстардың тәуелсіз, көк байрағы желбіреген мемлекетте ауызбіршілікпен тату-тәтті өмір сүруінен байқаймыз. Өзге елдерде болып жатқан дүрбелең, зардаптарды болдырмау үшін, құқықтық мемлекет құру жолында біздің елімізде заңмен, заңдық негізде жүзеге асырылуы қамтамасыз етілген. Сондықтан шығар тәуелсіз мемлекетіміздің Парламенті 1999 жылғы лаңкестікке, лаңкестік іс-әрекеттерге қарсы күрес шаралары елімізде арнайы да, кешенді түрде жүзеге асырылып келеді десек болады.

Ертеде ата-бабамыз маңдай терін төгіп, ұлт пен ел болашағы үшін күресіп, мұра ретінде қалдырып кеткен жер аумағы, жер асты қазба байлықтары, әдет-ғұрпымыз, тіліміз, дініміз, тарихымыз, кең пейілді достастығымыз, ішінара ауызбіршілігіміз әрқашанда өзге елдерде қызғаныш сезімін тудыруы мүмкін. Адамзаттың иманын үйіріп отырған «ислам» дінінің жапа шегіп жатқаны мәлім болса да, бұл қауіп қазір тілдік және діни бөлшектенуден басталуда. Қолымызға суық қару алмасақ та, кешегімізді еске алып, болашаққа ұмтыла отырып, бүгінгімізден айырылмайық.

Терроризмге қарсы күрес шараларына келетін болсақ, терроризм адамзатқа қауіпті құбылысқа айналды. Себебі, лаңкестік әрекеттер салдарынан ешбір жазығы жоқ бейбіт халық қырылады. Террористер қатігез. Өз мақсатына бөгет болатындарды олар ешбір ойланбастан, аяусыз құртады. Өздерінің саяси мақсаттарын орындау жолында жазықсыз жандар өмірлеріне балта шабады. Лаңкестер үшін адам өмірі ойыншық. Сол себепті терроризмді ақтауға болмайды. Олармен күресудің барлық жолдарын қарастырған абзал. Қазір «Ұйымдық келісім шарт» (ДКБ) бойынша Қазақстан, Ресей және басқа Орта Азия республикалары терроризмнің алдын алу шараларын бірігіп жүзеге асыруда. Осындай келісімдерге Қытай, Ресеймен бірге Орта Азия Республикалары Шанхай ынтымақтастық одағы (ШОС) арқылы да келуде. Еуразия регионында біртіндеп антитеррорлық коалиция қалыптаса бастады. Антитеррорлық әрекеттердің барлық мемлекеттерінің саяси басымдылығына айналуы лаңкестердің алдын алудың кепілі болмақ.

Қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады: Қазақстандықтардың бейбіт өміріне, елдегі қоғамдық татулыққа зиянды деп бағаланған шетелдік қандай да болмасын діни ұйымдар, қоғамдық қозғалыстар, бейресми мекемелердің қызметкерлеріне тыйым салатын арнайы заңдар қабылданатын мерзім жетті. Қазақстанның діни, рухани, саяси бірлігіне қарсы мәндегі интернет сайттарын, түрлі діни әдебиеттерді, аудио-видео кассеталарды елге енгізуге тыйым салатын шаралар қажет. Басқаша болған жағдайда Қазақстан әлемдік қауіп қатерлер еркін өтетін транзиттік зонаға айналып кетеді. Қазір наркотрафиктің транзиті болсақ, ертең террористік топтардың транзиті болуы қауіп күшеюде. Ондай болған жағдайда елдің тәуелсіздігі де, ішкі бірлігі де болмайтыны ақиқат. Сондықтан елде терроризмді болдырмау, әлемдік қауымдастықпен бірге әлемдік терроризмге қарсы бітіспес күрес Қазақстан мемлекетінің тағдырлық міндеті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 2015. - 96 б.
2. Крозье А.А. Цит. по: Лекарев С. Разведка мирового сообщества. //Независимое военное обозрение. №4, 2001. - С. 5-15.

- 
3. Ашимбаев М. Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии. – А., 2002. - 124 с.
4. Қарин Е. Жанталас //ЖасАлаш № 1129, 8 наурыз, 2003.  
[http://kk.wikipedia.org/wiki/Халықаралық\\_терроризм](http://kk.wikipedia.org/wiki/Халықаралық_терроризм)

### Резюме

В статье рассматриваются глобальные проблемы борьбы с терроризмом. Рассмотрены основные причины террористического насилия в мире. Терроризм это сила, которая каждый день порождает энергию и угрожает всему миру. За последние четверть века его поле выросло на международный уровень. Например, в 1980 году в мире было совершено 500 террористических актов, за последний год было 16 тысяч террористических атак. Умышленное покушение стало причиной смерти миллионов людей. Угроза международного терроризма подталкивает к созданию транснациональных антитеррористических организаций и объединению служб национальной безопасности. Сегодня многие страны приступили к совместной работе с целью ликвидации общего врага.

### Summary

The article deals with the global problems of combating terrorism. The main causes of terrorist violence in the world are considered. Terrorism is challenging fist of power threatening to the world. In the quarter century, it's eligibility has risen from local to international level. For instance, there were 500 terrorist acts in 1980 and its very small number comparing with 16 000 attacks in 2018. This menace killed thousands, even millions of people. The rising power of terrorists obligating transnational anti-terroristic organizations and national security agencies to fight against them together. Moreover, many of the countries are integrating to destroy the common enemy.

ОӘЖ: 343.98

**Музапар Д.Ж.  
Д.А. Қонаев атындағы  
Еуразиялық заң академиясының  
магистранты  
Ғылыми жетекші:  
з.ғ.д., профессор  
Қуаналиева Г.А**

### **КРИМИНАЛИСТИКАДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУ ЖАҒДАЙЫН АНЫҚТАУДЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ**

Мақалада криминалистикадағы қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайын анықтаудың ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Криминалистиканың өзекті және маңызды міндеті қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу бойынша қызметтің ақпараттық-танымдық құрылымын құрастыру зерделенген.

---

Криминалистика жаратылыстану, техникалық және қоғамдық ғылымдардың әдістері мен идеяларын жинақтайтын ғылым бола тұрып, ақпарат теориясының бірқатар тұжырымдамасын, оның түсініктері мен жіктемелерін пайдаланудың қуатты әлеуетін ашады. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы жөніндегі білімдерді пайдалана отырып, тергеу тәжірибесінде туындайтын мәселелерге теориялық мағына беру және тәжірибелік шешу маңызды болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық іздерінің дәлелдемелерге, ал соңғыларының дәлелдемелік деректерге түрлену заңдылықтарын қылмыстық процесс тарапынан дәлелдеу механизмі деп атауға болады. Осы тұрғыда мұндай түрленудің бастапқы кезеңі ақпарат қайнар көздерінің криминалистикалық зерттелуі болып табылады. Тергеу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтарды криминалистикалық талдау кезінде сыртқы орта элементтері мен басқа да факторларды құраушы іздер анықталып, зерттелуі мүмкін. Талдау қылмыстық құқық бұзушылық сәтінде туындаған жағдай жөніндегі криминалистикалық маңызды ақпаратты жинауға мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу кезінде оның жасалу жағдайы жөніндегі білімдерді пайдалана отырып, тергеу тәжірибесінде туындайтын мәселелерге теориялық мағына беру және тәжірибе жағынан шешу маңызды болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау жағдайы деген ұғым криминалистикада бұрыннан қолданылады. Бастапқыда авторлар тәжірибелік қызметкерлерді қылмыстық құқық бұзушылық жасалу жағдайын, оның даралығы мен әр қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің ерекшелігін ескере отырып, жете зерделеудің қажеттілігіне бағыттады. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды көбіне бір адам емес бірнеше адам бірігіп жасайды, өйткені сыбайласып қылмыстық құқық бұзушылық жасау ақырғы қылмыстық нәтижеге жеңіл жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан да қылмыстық заңнамада бірге жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылатын адамдар шеңберін және олардың жауапкершілік негіздері мен шектерін айқындау өте маңызды. 3 шілде 2014 жылы қабылданып, 1 қаңтар 2015 жылы заңдық күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (ҚРҚК) 27 бабында: "Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесе қатысуы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу деп танылады" делінген [1].

Ғалымдар қылмыстық құқық бұзушылық жағдайы туралы ақпарат қайнар көзі ретінде оқиға болған жерді қарауды ұсынады. Осылайша, олар қараудың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жағдайын бекіту немесе оның егжей-тегжейлігі мен бөлшектеріне ерекше назар аударудың қажеттілігін атап көрсетті. Тергеу мақсаттарын қанағаттандыру үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайының тәжірибелік мүмкіндіктерін пайдалану да зерделенді. Көптеген авторлар қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің себептері мен шарттарын анықтауға көмек беретін ақпарат қайнар көздері ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайын қарастырды [2,19 б.].

Криминалистикалық жүйе ретіндегі қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны оның ішкі құрылымы мен ұйымдастырылуын зерттеусіз қарастырыла алмайды. Қазіргі уақытта, криминалистикалық ғылым осы сұрақ бойынша белгілі ақпарат көлеміне ие, оның негізінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны секілді аса күрделі құбылыс құрылымын талдау мүмкіндігі жатыр. Әдебиетте қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау жағдайының құрылымы әр түрлі ашылады, кейде қылмыстық құқық бұзушылық жағдайларының қарапайым жиынтығы немесе қылмыстық құқық бұзушылық

---

субъектісінің ниеті іске асырылған, қалыптасқан шарттар жүйесі ретінде байқалады [3,89 б.].

Біздің ойымызша, бұл қылмыстық құқық бұзушылық жағдайы құрылымының тар мағынасы, яғни, оның құрамдас бөліктері қылмыстық құқық бұзушылық жасалатын ортаның шарттары болып қана қоймай, бірқатар басқа да қызметтер атқарады. Мысалы, олар қылмыстық құқық бұзушылық жасау амалы мен механизмін анықтайтын факторлар болып табылады. Біздің ойымызша, теориялық жоспардағы қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы құрылымының мұндай тарылуы тергеу әдістемесінің зерттеу базасын азайтады, ал тәжірибелік жоспарда – тергеу барысындағы қылмыскердің жеке басымен, қылмыс амалымен және механизмімен қылмыс орнының мүмкін болатын өзара байланыстарын анықтау және пайдалану мүмкіндіктерін қиындатады. Кейбір криминалистер қылмыстық құқық бұзушылық орны құрылымының элементтеріне «белгілі сапасы мен белгілерге ие, кеңістікті және уақыттық байланыстары бар объектілер жиынтығын» жатқызады. Біздің ойымызша, бұл қылмыстық құқық бұзушылық жағдайының барлық элементтері емес. Зерттеу объектілерінің құрылымдары жөніндегі сұрақ тек криминалистикада күрделі болып табылмайды. Кез-келген жүйелерді зерттеу кезінде әрқашан олардың құрылымдық элементтерін маңыздылық және қиындық дәрежесі бойынша саралау мәселесі туындайды. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы осы жағдайда ерекшелік болып саналмайды. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы құрылымының жеке элементтерін шығару, тәжірибедегі криминалистикалық міндеттерді шешуге арналған осы элементтерді пайдалану мүмкіндігімен келісілуі тиіс. Олай болмағанда, осы құрылымның тиімділігі мен құндылығы тәжірибе қажеттіліктеріне сәйкес келмейді.

Басқа заң ғылымдарымен салыстырғанда криминалистика материалды элем объектілерін, құбылыстарын және процестерін, олар тек қандай да бір қылмыстық қызметпен байланысқа түскенде, атап айтсақ, қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайының элементтері болған сәтте ғана зерттей бастайды. Мұндай құрылым тәртібі көптеген артықшылықтарға ие болады. Құрылым өзінің элементтерін зерттеуге немесе тігінен және көлденеңінен жіктеуге кедергі келтірмейді, алайда, бұл белгілі құрылым элементі жөніндегі криминалистикалық деректер құндылығын немесе аса маңызды құрылымдық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Криминалистика қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу мақсаттары үшін қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының шеңберінде ғана болатын және оған тікелей әсер ететін, қылмыскердің жақын психологиялық айналасы жөніндегі деректерді ғана зерттеп, пайдаланады. Біздің ойымызша, көрсетілген шекаралардың кеңеюі жөнсіз, себебі қылмыстық әрекеттен тыс психологиялық ортаны нәтижелерін криминалистика пайдаланатын басқа ғылымдар зерттейді. Дәл осы уақытта зерттеуден бас тарту да, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың психологиялық ортасы жөніндегі деректерді пайдалану да кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша әдістемелік ұсыныстардың сапасында, нәтижесінде, тергеу сапасында да көрініс табуы мүмкін. Ортаның психологиялық элементтері әр түрлі көрінуі мүмкін.

Біріншіден, олар қылмыстық құқық бұзушылыққа болысатын немесе кедергі келтіретін, кінәні жеңілдететін немесе ауырлататын, қылмыстық құқық бұзушылықты және ондағы қатысуды (алибиді алдын ала әзірлеу, жалған куәларды дайындау) жасыратын психологиялық міндеттер түрінде байқалуы мүмкін.

Екіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың белгілі орнымен немесе уақытымен байланысты бола алады.

Үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайларының психологиялық элементтері психологиялық факторлар ретінде, мысалы, лауазымды

---

тұлғалардың өздерінің қызметтік міндеттеріне бейберекет қарау жағдайлары, қанағаттанарлықсыз күзет пен материалдық құндылықтарды тіркеу және т.б. түрінде көріне алады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайын түсіну шеңбері жеткілікті түрде түсінікті. Бір жағынан, бұл – қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің тікелей қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерінің бастауы, екінші жағынан – олардың аяқталуы болып табылады. Тек осындай жағдай шеңберінің түсінігі осы криминалистикалық санатты тергеудің көптеген міндеттерін сәтті шешу үшін аса тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қылмыс орнының күрделі элементтері қызмет ету процесінде бірнеше түрлі ақпараттарды туғызатын мейлінше әр алуан әрекеттерді жасауға қабілетті. Оларға әдеттегідей, күрделі процестер, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының қатысушылары жатады. Қарапайым қылмыстық құқық бұзушылық ортасының элементтері объективті ортаға жатады [4, 25 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылық әдеттегідей, сыртқы ортаның белгілі жағдайларында жасалатыны белгілі. Бұл жағдайлар белгілі санаттағы қылмыскерлердің жеке сипаттарымен, дағдыларымен немесе қастандық жасалған объектілердің ерекшеліктерімен немесе басқа да жағдайлармен байланысты болады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайының әдеттегі элементтері – бұл негізгі қылмыстық құқық бұзушылық көлемі жасалатын және ең кеңінен таралған криминалистік ақпарат тасымалдауыштары болатын, қылмыстық құқық бұзушылық қандай да бір түріне тән орта элементтері. Криминалистикада кері жағдай деп аталатын қылмыстық құқық бұзушылық орнының айрықша элементтері қылмыстың осы түрін жасау орны жөніндегі тұрақтанған және жалпыға бірдей қабылданған түсініктерді бұзады. Қылмыстық құқық бұзушылық орнының айрықша элементтері деп қылмыскердің, сыбайластарының, кездейсоқ тұлғалардың қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін, қоршаған ортаға енгізген өзгерістерін айтады. Тергеу кезіндегі жағдайдың сәйкесінше психологиялық элементтерінің зерттелуі көптеген криминалистикалық мәселелердің шешілуіне болысуы мүмкін. Мысалы, ашылмаған қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу кезінде жәбірленушіні, оның осы ортамен байланыстарын қоршаған психологиялық ортасын зерттеу қылмыскерді анықтауға, қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттердің басқа түрлерінде болған оқиғаның себептері мен жағдайларын, айрықша белгілерін түсініп білуге септігін тигізеді. Жоғарыда айтылғандай, шынайы өмірде қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайының элементтеріне түрлене алатын, адамды қоршаған орта элементтерінің құрылымы мен құрамы әр алуан. Алайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы қылмыскерді қоршаушы ортаға қарағанда көлемі мен құрамы бойынша тарлау келеді, себебі оған қылмыскерді тікелей қоршаған ортаның, оның тек қылмыстық мақсаттарды орындауы үшін ғана пайдаланылған, қылмыстық оқиғада белгілі рөл атқарған, қылмыстық құқық бұзушылықтың қандай да бір құрылымдық элементінің қандай да бір түрінің қалыптасуына әсер еткен элементтері ғана кіреді. Сонымен бірге, нақты бір қылмыстық құқық бұзушылық түрлеріндегі қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы әр түрлі дәрежеде объективті, субъективті психологиялық ортадан, сонымен қатар, қылмысқа қатысушылардан байланысты болуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы жөнінде аталғанның барлығы құрылымдарында бірнеше біртектес элементтер, немесе бірнеше қарапайым қылмыстық құқық бұзушылық жасау құрамдары болатын күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарына да тән. Алайда, күрделі құрамдардың қылмыстық құқық бұзушылық орнына қатысты өзіндік ерекшеліктері де бар. Мысалы, бір топ қылмыскерлер әр түрлі жерлерде, әр түрлі уақыт аралықтарында бірқатар қарақшылық шабуылдар жасағанда, жалпы қылмыс жағдайы жеке қылмыс орындарының өзара

---

байланысында көрініс табады. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (мысалы, оқ ататын қаруды ұқыпсыз сақтау) қылмыстық құқық бұзушылық жағдайы ауысып отырушы жағдай тізбегін, олардың созылмалы жүйесін құрайды және жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды (мысалы, иелену немесе жұмсау жолымен ұрлау) қылмыстық құқық бұзушылық жағдайы жеке эпизодтардан тұратын бір типті жағдайлардан немесе өзіндік қылмыстық құқық бұзушылық орны бар, уақыт бойынша үзілген әр түрлі әрекеттерден қалыптасады (мысалы, жәбірлеу кезінде). Қазіргі уақытта барлық қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерді ашудың ғылыми деңгейін жоғарылатудың өзектілігі артуда. Тергеу тәжірибесі тергеудің аса жетілген және тиімді техникалық, ұйымдастыру, тактикалық және әдістемелік әдіс-амалдарын, тәсілдерін және әдістерін қажет етеді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны жөніндегі ақпараттың қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу тиімділігіне әсерін ескере отырып, ол жөніндегі максималды мүмкін болатын мәліметтерді алу қажет, оны дәлелдеме және криминалистикалық маңызды ақпаратты арнайы жинау арқылы қамтамасыз етуге болады.

Белгілі тергеу сәтінде қалыптасқан тергеу жағдайын дұрыс бағалау, толық көлемде қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайының анықталуына септігін тигізеді. Тергеу жағдайын білу қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайы жөніндегі білімді қолдануды оңтайландырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Криминалистикада әр түрлі тергеу жағдайларын зерттеуге жеткілікті көп назар аударылады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау жағдайының элементтері әрбір дерлік қылмыстық құқық бұзушылық әрекет құрылымының міндетті элементтері болып табылады, себебі, қылмыстық құқық бұзушылық жағдайының маңызды құраушы бөлігі болып табылатын материалды ортадан тыс қылмыстық құқық бұзушылықтың болуы мүмкін емес.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрон. ресурс]. - 2018. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (жүгінген күн: 26.02.2019).
2. Косоплечев Н.П. Осмотр места происшествия по делам, связанным с применением огнестрельного оружия: пособие для следователей. – М.: Госюриздат, 1956. – 179 с.
3. Нурғалиев Б.М. Криминалистика: оқулық құрал. – Қарағанды: ҚР ИМ ҚЗИ, 2001. – 189 б.
4. Біржанов Б.Қ. Криминалистикалық ақпарат қайнар көздерінің шағылыстарын зерттеудің міндеттері //Ғылым және білім – қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы: халықаралық ғылыми-практ. конф. материал.– Қарағанды: ОҚА, 2015. – 259 б.

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются особенности определения обстоятельств уголовных правонарушений в криминалистике. А также актуальные задачи и приёмы криминалистики в отношении информационно-познавательной структуры для раскрытия уголовных правонарушений. Криминалистика являясь молодой наукой в отношении накопления методов и идеи естественных, технологических и общественных наук, раскрывает некоторые концепции информационной теории, её использование, классификации и могущественный потенциал. Важное значение имеют теоретическая ценность и практическое решение проблем, возникающих в практике следствия, использующих знание фактов уголовных правонарушений при раскрытии и расследовании уголовных правонарушений.



---

### Summary

This article discusses the features of determining the circumstances of criminal offenses in forensics. As well as relevant tasks and techniques of criminology in relation to the information and cognitive structure for the disclosure of criminal offenses. Forensic science, being a young science in relation to the accumulation of methods and ideas of natural, technological and social sciences, reveals some concepts of information theory, its use, classifications and powerful potential. Theoretical value and practical solution of problems that arise in the practice of investigation, using knowledge of criminal facts are important. offenses in the detection and investigation of criminal offenses.

УДК:343.35(574)

**Нұрғожа Н.Ш.**  
**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық**  
**заң академиясының 1-курс магистранты**  
**Ғылыми жетекші:**  
**з.ғ.к., профессор**  
**Пакирдинов М.А.**

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ҰҒЫМЫ, ОНЫҢ КӨРІНІС ТАБУ ТҮРЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ**

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлық ұғымының жалпы теориялық ережелері қарастырылды, өйткені қазіргі әлемде ол қоғам мен мемлекеттің мүдделерін тікелей қозғайтын қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық-бұл ежелгі дәуірде пайда болған және қазіргі уақытта әлемнің барлық елдерінде өмір сүруді жалғастырып жатқан күрделі әлеуметтік құбылыс. Жеке мемлекетке сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің күшеюін түсіне отырып, әлемнің көптеген мемлекеттері осы зұлымдыққа қарсы күресте бірігеді. Сыбайлас жемқорлық соңғы жылдары халықаралық сипатқа ие болды.

**Кілт сөздер:** Сыбайлас жемқорлық, лауазымды адам, пара алу, пара беруі, парақорлықта делдал болуы, ұйымдасқан қылмыстылық, мемлекеттік қызметкер.

Заманауи құқықтық әдебиетте барынша кеңінен қолданылатын «сыбайлас жемқорлық» ұғымының тарихи тамыры тереңге жайылған. Әлем қандай көне болып саналса, сыбайлас жемқорлық та ежелден келе жатқан қатер болып табылады. Тарихи-құқықтық зерттеулер сыбайлас жемқорлықты басқарушылық аппарат пайда болған кезде туындаған тарихи мәселе екенін нақты дәлелдеген. Ежелгі Грекия мен Римнің ойшылдары жемқорлықты кез келген мемлекеттің қас дұшпаны деп қабылдаған, ал Жаңғыру дәуірінің итальяндық ойшылы Николло Макиавелли жемқорлықты аурумен салыстырады. Оның пайымдауынша, алдымен жемқорлықты әшкерелеу қиын, емдеу оңай. Егер ол белең алған жағдайда, керісінше, анықтау жеңіл, емдеу қиынға соғады.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, білім, тұрмыстық-коммуналдық қожалық және осы тектес күнделікті өмірдің тұрақтылығын қамтамасыз ететін салалардағы қауіп ерекше байқалады. Қазақстан егемендігінің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыстылықпен қатар, республикамыздың мемлекеттік билігіне кері әсерін тигізе бастады.

---

Жемқорлықпен күрес жолында радикалды нәтижелі шаралардың қолданылмауы – қылмыстық, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің саяси сипат алып, еліміздің конституциялық құрылымына нұқсан келтіретін ұлттық құлдырау апатына әкеліп соғуы мүмкін. Міне, осыған байланысты Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» даму стратегиясында негізгі 7 басымдықтың бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен кешірімсіз әрі шешімді күресті атады [1].

Кез келген күрделі әлеуметтік құбылыс сияқты, Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа да нақты анықтама беру мүмкін емес. Оған берілген алғашқы анықтама құқық саласына жатады. Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылық деп нені санауға болатындығы әр елдің өз қылмыстық заңдарында өзінше анықталған. Заңда көрсетілген рұқсаттар мен тыйымдар қоғамның да, жеке адамның да іс-әрекетіне бағдар береді, ол жеке дара немесе ұжымдық әдептің орнын басады [2,156.].

Бірақ мұнда едәуір кемшіліктер бар. Біріншіден, құқықтық нормалар мен тыйымдар сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықтың нақты көріністерін толықтай қамти алмайды. Жемқорлық үшін айып басқа айыптармен араласып келеді, оларды бірінен бірін ажыратып алу оңай емес, кейбір істерде сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықтың нышаны ғана болады. Оның үстіне қазір пара алу-берудің бұрынғы дәстүрлі сипаты да өзгерді: бұрындары параны қандай бір адам мемлекеттік қызметкерге оның көмегіне мұқтаж болып беретін болса, қазір көбіне мемлекеттік қызметкердің өзі пара алуға ынты білдіреді.

«Ресми мекемелерде мәселенің тез және ойдағыдай шешілуіне параның көмегі болды ма?» деген сұраққа респонденттердің 46,3%-ы «иә» деп жауап берді. Ал ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылық қылмыс жасайтындығын растап, 54,8% респондент жауап берді.

Екіншіден, заңда берілген анықтама демократиялық-құқықтық саяси және әкімшілік жүйенің негізінде жататын этикалық принциптерді қамтымайды. Қызметкердің өз қызметтік борышын орындамауы бұл принциптерді мойындамау болып табылады.

«Коррупция» термині латынша «бұзу, сатып алу» деген мағына береді. Заң энциклопедиясында бұл терминге «лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған құқықтар мен мүмкіндіктерді бас пайдасына жұмсайтындығын көрсететін саясат немесе мемлекеттік басқару саласындағы қылмыстық әрекет» деп анықтама берілген.

17.12.1979 жылғы Лауазымды адамдардың құқықтық тәртібін сақтау жөніндегі кодексте былай делінген: «Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық ұғымын ұлттық құқық анықтайды», ал «лауазымды адамның өзі өкілетті салада кез келген формадағы сыйақы үшін сол сыйақыны берген адамның мүддесіне лауазымдық нұсқаулықты бұзып та, бұзбай да қандай да бір әрекет жасауы немесе жасамауы» сол анықтамаға жатқызылған.

БҰҰ-ның Анықтамалық құжатында «Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық – өз пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану» делінген [3].

Қазіргі отандық криминология да сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа «мемлекеттік немесе өзгедей қызметкерлердің сатқындығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс» деп анықтама береді.

Н.Ф.Кузнецова Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықты «мемлекеттік аппараттың және мемлекеттік емес құрылымның қызметкерін сатып алумен сипатталатын қоғамға қауіпті құбылыс» дейді [4,122б.].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық мәселелерін зерттеуші американдықтар бұл құбылысқа «саяси қызметкерлердің, мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің, бизнесмендердің және басқа да адамдардың жеке өзінің, отбасының немесе топтың

---

мүддесі үшін өз ресми міндеттерін, мемлекеттік функцияларды орындаудан жалтаруы» деп анықтама береді.

Г.Блэктің заң сөздігі Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа мынадай түсініктеме береді:

- лауазымды адамның ресми міндеттерімен және басқа адамдардың құқықтарымен келіспейтін қандай да бір артықшылық беру ниетімен жасалатын іс-әрекет;

- лауазымды адамның өзі немесе басқа адам үшін қандай да бір артықшылық алу мақсатында өз жағдайын немесе мәртебесін заңсыз пайдалануы.

Американдық зерттеушілер М.Джонстон мен Дж. С.Наем Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа мынадай анықтама береді: «өзі, өзінің отбасы немесе шағын топ үшін материалдық немесе мәртебелік артықшылық алу мақсатында лауазымды адамның белгіленген тәртіптен ауытқуы».

Профессор А.Н.Ағыбаев «қоғамдағы өз орнын қанағат тұтатын адамдарды кездестіру қиын» деп дұрыс айтады. Ал, қанағат таппаған адамның ерте ме, кеш пе заң бұзушылыққа барары сөзсіз. Ондай болмау үшін мемлекеттік қызметкерге өз міндетін адал атқаратындай жағдай тудыру керек [5, 56б.].

«Бір нәрсе анық – криминологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенбей, нақты криминологиялық жағдайдың (Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықпен күрестің – авт.) заңдылықтары мен үрдістерін терең зерделемей қылмыстық-құқықтық, іс жүргізу мәселелерін өз деңгейінде шешу мүмкін емес», – дейді профессор Е.О.Алауханов жетілмегендігі, заң шығарудағы мәселелер, азаматтар санасының төмендігі, Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықтың басты себептері деп есептейді [6, 216б.].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық қылмыс – таптық құбылыс, ол заманға қарай өзгеріп отырады. Профессор Е.И.Қайыржановтың пікірінше, Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық жеке меншік пайда болып, қоғам антагенистік таптарға бөлінгеннен туындады, оған дейін мұндай ұғым болған емес.

Филиппиннің бұрынғы президенті Ф.Маркос ел байлығын өзі бас боп талан-таражға салғандығын заңдастыру мақсатында Конституцияға өзгеріс енгізді. Сондықтан да Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықты кей кездері заңға қайшы қылық деп айтуға да болмайды.

Кейбір криминалистер мұндай пікірді жақтайды. «Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық – әлеуметтік құбылыс, ол лауазымды адамның өз қызмет бабын өзінің бас пайдасы үшін пайдалануынан көрініс табады».

Г.А.Сатаров, М.И.Левин және М.Л.Цирик Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа «қызмет бабын пайдақорлық мақсатта теріс пайдалану» деген сипаттама береді.

«Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық – мемлекеттік қызметті жеке пайда үшін заңсыз пайдалану. «Заңсыз» термині мемлекеттік қызметтегі адамның іс-әрекетін реттейтін заңның (ереженің) бар екендігін білдіреді».

А.И.Кирпичников Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа мынадай сипаттама береді: «Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық – биліктің коррозиясы. Тат металды жейтіні сияқты, Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық та мемлекеттік аппаратты бүлдіреді, қоғамның керегесін күйретеді. Қоғамның ахуалын Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың деңгейіне қарап білуге болады. Металдың коррозиядан әлсірейтіні сияқты, қоғам да сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтан қажиды».

Б.В.Волженкин Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық ұғымына кеңірек түсінік береді: «Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық – әлеуметтік құбылыс, ол мемлекеттік қызметкердің немесе мемлекеттік функция атқаратын өзге адамдардың өз қызмет

---

жағдайын, лауазымдық беделді және мәртебені өзінің баюы немесе топтың мүддесі үшін пайдалануы нәтижесінде биліктің әлсіреуіне алып келеді».

Осы анықтамаларды талдай келе, жалпы Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа мынадай белгілер тән деген қорытындыға келеміз:

1) бұл, бәрінен бұрын, заңдық дәл анықтамасы жоқ әлеуметтік құбылыс; ол үйреншікті жағдайға айналғанда азаматтық қоғам, мемлекет ыдырай бастайды;

2) бұл құқық бұзушылықтың өзіне тән субъектілері бар (мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік функциялар атқаруға өкілетті адамдар және де жеке сектордағы басқарушылық функцияларды атқаруға өкілетті адамдар);

3) бұл субъектілердің жүктелген қызмет мүддесіне және құқық пен моральдің белгіленген нормаларына қарамай өз қызмет бабын, құқықтық мәртебесін және лауазымдық беделін теріс пайдалануы;

4) жоғарыда аталған субъектілердің өзінің баюын немесе басқа адамдардың мүддесін көздеп атқарған қызметі.

Сонымен, Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық қоғам мен мемлекетті іштей ыдырататын әлеуметтік құбылыс.

Билік (атқарушы, өкілдік және сот) органдарындағы Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, біздің жұмысымыз соған арналған (онымен күрес мәселесі жеке тарауда сөз болады).

Мемлекеттік емес ұйымдардағы не жеке сектордағы Сыбайлас жемқорлық қылмыстылық қазіргі кезде кең таралған. Коммерциялық немесе қоғамдық ұйымдардың басшылары да өздеріне тиесілі емес ресурстарға иелік жасап, ұйым мүддесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге барады. Мысалы:

- коммерциялық банктердің пара алып, жоба үшін берген несиелерін қалтаға салып, қашып кету;
- меншіктің әртүрлі формасындағы кәсіпорындардан пара беріп, материалдық құндылықтарды (ішімдіктерді, мұнай өнімдерін) төменгі бағамен алу [7, 266.].

Соған байланысты 2014 жылғы Қылмыстық кодекске лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (361-бап) және билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (362-бап) үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Кейбір ғалымдар саяси Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықты өзінше бөліп алады. Мысалы, профессор Е.И. Каиржанов, оны «үстемдік жасаушы саяси элитаның өз билігін нығайту үшін мемлекеттік ресурстарды заңсыз пайдалануынан көрініс табатын девитанттық саяси іс-әрекет» деп санайды [8, 235б.]. Бұл пікірді профессор Е.О.Алауханов та құптайды.

«Саяси сыбайлас жемқорлық қылмыстылықта аппарат шенеунігі мораль мен заң нормаларын пара алу үшін емес, саяси ұпай алу үшін, туыстық байла-ныстар және т.б. үшін бұзады», – дейді А.И.Гуров.

Г.Н.Горшенковтың пікірінше, саяси сыбайлас жемқорлық қылмыстылық қылмыстық тәртіпте жазаланбайтын іс-әрекеттерде (саяси қолдау көрсету) және қылмыстық-жазаланатын іс-әрекеттерде (парақорлық, сатып алу) көрініс табады.

П.А.Кабанов саяси сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа мынадай анықтама береді: «мемлекеттік қызметкердің, не сол орынға үміткердің, не солардың тапсырмасын орындаушы басқа адамның белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында тиісті мемлекеттік қызметті сақтап қалу немесе сол орынға тұру үшін басқа адамдардың, қоғамның мүддесіне қайшы келетін әрекеттерінің жиынтығы».

Сайлаушылар дауысын сатып алуда да сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың белгісі бар. Конституция бойынша сайлаушыда «билікті өкілеттік» деп аталатын ресурс бар. Дауыс беру арқылы сайлаушы бұл өкілеттігін өзі қалаған адамға береді. Ал егер сайлаушы мен сайланушы арасында қандай да бір мәміле болса, яғни дауысты

---

біреуі сатып, екіншісі сатып алатын болса, ол заңды бұзғандық болып табылады. Тіптен, сайлау науқаны кезінде де сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылық орын алуы мүмкін. Дауысқа түскен кандидатқа қаржылай көмек керек, оны ол коммерциялық құрылымдардан, кейде криминалдық топтардан алады. Қарыз кейін өтеледі деген оларда да есеп бар.

Саяси сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың кең таралған қылмыстық-жазаланатын формасы – пара беру (367-бап) және пара алу (366-бап).

Одан кейінгі кең таралған формасы – саясат субъектілерін сатып алу. Бұл құбылыстың мынадай түрлерін бөліп алуға болады:

1. Сайланатын қызметке кандидаттың немесе оның тобындағы адамдардың сайлаушыларды (олардың дауысын) сатып алуы;

2. Сайланатын қызметке кандидатты сатып алу – не оның басқа бір кандидаттың пайдасына өз кандидатурасын қайтарып алуы, не сайлау алды науқанды «пәс» жүргізуі.

Халықаралық тәжірибеде мұндай жиі кездеседі.

Ұлыбритания Парламентіне сайлау кезінде депутаттыққа кандидат М.Сарвар өзінің бәсекесіне 5000 фунт стерлинг беріп, оны аса талпынбауға көндірген.

Сайланбалы мемлекеттік қызметке кандидаттың сенім білдірген:

3. Адамын оның бәсекелестерінің сатып алуы.

4. Сайлау комиссиясының мүшелерін сатып алу.

Осы аталған саяси сыбайлас жемқорлық қылмыстылықты талдай отырып, біз оның негізгі белгілерін бөліп алдық:

1) Саяси сыбайлас жемқорлық қылмыстылық көбінесе әртүрлі сайлауларды өткізумен байланысты не белгілі бір мемлекеттік қызметке тағайындаумен немесе бекітумен байланысты.

2) Бұл қылмыстың арнайы субъектісіне саяси тұлға болып қалыптасқан адамдар, сондай-ақ сайланбалы қызметке үміткерлер жатады.

3) Саяси жемқорлық субъектілерінің іс-әрекеті, бәрінен бұрын, өзі үшін де, басқа адамдар үшін де белгілі бір қызметті не мәртебені алуға немесе сақтауға бағытталған.

4) Бұл іс-әрекеттер мемлекеттің, қоғамның және басқа адамдардың мүдделеріне қайшы келеді, олар лауазымдық өкілеттік, материалдық ресурстар пайдаланылып жүзеге асырылады.

5) Мұнда өзінің баюын, қандай да бір топтың, саяси партияның мүддесін көздеген мақсат болады[9, 126.].

Сонымен саяси сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылыққа саясаткерлердің, үміткерлердің немесе олармен байланысты адамдардың сайлауға даярлық және оны өткізу кезіндегі, белгілі бір лауазымға тағайындау және бекіту кезіндегі іс-әрекеті деп анықтама беруге болады.

Әрекет ететін деңгейі бойынша сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықты төменгі, жоғарғы және вертикальды деп бөлуге болады.

Төменгі сыбайлас жемқорлық қылмыстылық билік органдарының орта және төменгі деңгейінде кең таралған және ол шенеуніктер мен азаматтардың араларындағы қатынаспен байланысты (тіркеу, айыппұл, лицензия беру және т.б.).

Жоғарғы сыбайлас жемқорлық қылмыстылық жоғарғы лауазымды адамдардың өте маңызды шешім қабылдауымен байланысты (заңдар қабылдау, мемлекеттік тапсырыстар және т.б.). Мұндай мәмілелер мемлекеттік биліктің бір органында болады. Мысалы, төменгі тұрған лауазымды адам өзінің бастығына оның «көмегі» үшін пара береді.

---

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың бұл формасы министрліктер мен ведомстволардың, әсіресе Қаржы министрлігінің құрылымында жиі кездеседі. Бұл ретте сыбайлас жемқорлық қылмыстылық жекелеген акті түрінен қалыптасып қалған формаға айналып отыр [10, 89б.].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың кейбір түрлері қылмыс деп танылып, қылмыстық тәртіпте қудаланады, ал кейбіреулері ондайға жатпайды, олар құқықтың басқа салаларымен реттелінеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа қатысы бар барлық әрекеттер, ең алдымен, «Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықпен күрес туралы» Заңда, және мемлекеттік қызметті реттейтін заңдарда қарастырылуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықтың әрбір нақты жағдайдағы кейбір көріністерін жемқорлық деп санауға болмайды, ол үшін сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықтың сыртқы белгілері (индикаторлары) және бірнеше көріністерінің жиынтығы болуға тиіс.

Ондай сыртқы белгілерді түгелдей айту мүмкін емес, бірақ олардың кемінде екі түрін бөліп алуға болады, олар: әлеуметтік-бейтарап индикаторлар және қажетті тән (немесе сигналдық) белгілер.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықта тек жасырындық қана емес, өзара келісушілік те сипат болады. Екі тарап та пайда көретіндіктен ешқандай шағым болмайды. Параны бопсалап алған жағдайда да сыбайлас жемқорлық қылмыстылықпен күреске сенім болмағандықтан, ол әрекетке шағым жасалынбайды.

Айтылғандарды түсіндіре келе мынадай қорытынды жасауға болады: мемлекеттік аппаратпен ұйымдасқан қылмыс арасындағы байланысты бұзу сыбайластыққа салынған қызметшілермен ұйымдасқан қылмысқа берілген мықты соққы болып табылады. Әрине, бұл өте күрделі мәселе. Мұны орындау үшін ұйымдасқан қылмысқа қарсы кешенді бағдарлама жасау қажет. Осындай шаралардың өз өкілеттіліктерін ұйымдасқан қылмыстың топ мүддесі үшін пайдаланатын қызметшілердің қылмыстық жауакершілігін күшейткен жөн болар еді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» даму стратегиясы
2. Оналбекова Г. Коррупция - вне закона //Фемида. 2009. №10.-75б.
3. Конвенция ООН против коррупции от 31 октября 2003г.
4. Кузнецова Н.Ф.. Квалификация взятничества. М., 1991г. -222б.
5. Ағыбаев А.Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. Монография. Алматы: Жеті Жарғы, 1997 г.-118б.
6. Алауханов Е.О. Борьба с хищениями собственности путем подлога документов. Алматы: Жеті Жарғы, 1995г.-225б.
7. Мауленов Т.С. Понятный всем язык закона //Казахстанская правда. 2005, 2 июля.
8. Каиржанов Е.И. Актуальные проблемы совершенствования борьбы с организованной преступностью и коррупцией. (Материалы международной конференции) Алматы: НИ и РИО Академии МВД РК, 2001г.-303б.
9. Алауханов Е.О. Уголовное право и социология. Алматы: Жеті Жарғы 2008г.-159б.
10. Долгова А.И. Должностное лицо как специальный субъект преступления. М., 1995г.-286б.

#### Резюме

В данной статье рассмотрены общетеоретические положения понятия коррупции, так как в современном мире она является одним из опаснейших социальных явлений, напрямую затрагивающих интересы общества и государства. Коррупция - это сложное

---

социальное явление, которое зародилось в глубокой древности и продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира. Понимая непосильность борьбы с коррупцией отдельному государству, большинство государств мира объединяются в борьбе против этого зла. Коррупция в последние годы приобрела международный характер.

### Summary

This article discusses the General theoretical provisions of the concept of corruption, as in the modern world it is one of the most dangerous social phenomena that directly affect the interests of society and the state. Corruption is a complex social phenomenon that originated in ancient times and continues to exist today in almost all countries of the world. Realizing the impossibility of fighting corruption to an individual state, most States of the world unite in the fight against this evil. Corruption has become international in recent years.

ӘОЖ 334.722

**Тохан А.Т.**  
**Магистрант АТУ,**  
**научный руководитель:**  
**э.ғ.д., профессор Дауылбаев К.Б.**

### **ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада Қазақстан аймақтарында иновациялық дамуындағы мәселелерді шешу барысындағы орта және шағын бизнестің атқаратын қызметі мен маңызы қарастырылған. Экономикалық және әлеуметтік жағдайдың өркендеуі үшін орта және шағын бизнестің дамуы қандай мемлекет болсын маңызды орынға ие. Шағын және орта бизнестің тұрақты дамуы қазақстанда аймақтардағы жұмыспен қамту мәселелерімен байланысты. Талдаудың нәтижесінде шағын және орта бизнестің жергілікті, аймақтық, өңірлік, осы салада өндірілген өнім түрлері және қалыптасқан әлеуметтік мәселелері талданды.

**Кілт сөздер:** шағын және орта бизнес, инновациялық даму ,аймақтық экономика.

Әлемдік экономикадағы жаһандану үрдістерінің өзгерісіне байланысты өтпелі экономика жағдайында инновациялық кәсіпкерліктің дамуы ел экономикасын сауықтыратын, шикізатты-экспортқа бағытталған дамудан инновациялық-технологиялық және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған дамуды қамтамасыз етеді, ал бұл «Қазақстан - 2050» стратегиясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Шағын және орта бизнестің даму деңгейі арқылы мемлекет және оның аймақтарының әлемдегі экономикалық өзгерістерге бейімделе алу қабілетін байқауға болады. Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету және инновациялық даму көрсету үшін ең керегі бизнесті дамыту

болып отыр. Бұдан басқа осы шағын және орта бизнес секторының үлкен әлеуетін қолдану күннен-күнге өсіп барады.

Дүниежүзілік Банктің зерттеулеріне сәйкес, егер ШОБ ел экономикасындағы ЖІӨ-нің 40%-нан төмен үлесін құраса, бұндай экономиканы сауықтыруға жұмсалынған инвестицияның әсері төмен болады. Ал бұл көрсеткіш мемлекетімізде қазір 26% құрап отыр. Дамыған мемлекеттерде шағын және орта бизнес ЖІӨ-нің 55-65% берсе, ал инновациялық өнімнің үлесі 39-16% болса және өндірістік дамыған мемлекеттердің ЖІӨ-нің 70–75% өсімін инновация береді. Тәуелсіздігімізді 26 жыл бұрын алғаннан бері қазір шағын және орта бизнесті заңнамалық қамтамасыз ету, несие- қаржы және салық саясатын жетілдіру, мемлекеттік инвестициялық және өзге қолдау шаралары жүзеге асырылып келе жатыр. Дегенмен, ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі әлі 26% көрсетіп, алдыға қарай өзгерістер аз болып отыр. Кәсіпорындардың инновациялық белсендігі 9% құрайды.

Елбасы Назарбаев Н.Ә. 2016 жылдың 11 қарашасындағы жолдауында «Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. 2017 жылы Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 50 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ЖІӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2017-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет» деп атап өтті [81].

2000 жылы тіркелген заңды тұлғалар саны барлығы 138530 дана құрап отыр, оның ішіндегі шағын бизнеске 125547 данасы тиесілі, орта бизнеске 10857 данасы, ал 2017 жылмен салыстыратын болсақ, барлық тіркелінген заңды тұлғалар саны 2,6 есе, 360 287 дана құрап, көбейіп отыр. Шағын бизнеске тіркелінген заңды тұлғалар саны 2017 жылмен салыстырғанда 2,9 есе, орта бизнеске тіркелу бойынша керісінше 40 %-ға төмендеуді байқаймыз. Яғни, 2000 жылдан келе жатқан шетелдік және мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен заңнамалық тексерудің азаю әсерінен 2010, 2013 (156% өсу), 2016 (167% өсу) көрсетіп отыр. Бұндай көрсеткіш бойынша, яғни тіркелінген заңды тұлғалардың өсу динамикасын орта бизнесте де (2005 жылы – 11543 дана, 2010 жылы – 13479 дана, 2013 жылы – 14427 дана, 2016 жылы – 14936 дана) байқай аламыз. Дегенмен, 2016 жылы шағын бизнеске тіркелінген заңды тұлғалар саны өссе де, орта кәсіпкерлікке қатысты олай айта алмаймыз. Себебі, соңғы жылдары индустриалды-инновациялық орта бизнесті ынталандыру шаралары жүзеге асып жатыр, ал ондай категорияға жататын орта бизнес саны мемлекетімізде аз.

Кесте 1 - Тіркелген заңды тұлғалар саны

Шағын және орта бизнес	2000	2005	2010	2013	2016	2017	2005-2017 жылдар арасындағы өзгеріс
Барлығы	138 530	226 908	287 068	338 981	353 833	360 287	133 379↑
Шағын	125 547	213 311	271 160	322 121	336 422	351 229	137 918↑
Орта	10 857	11 543	13 479	14 427	14 936	6 572	4285↓



